# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№98 (3526) 9 желтоқсан 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІНЕ САЙ БОЛСЫН

**«Ескірген және негізсіз әлеуметтік параметрлер қолданылды». Бұл апта басында Парламент Мәжілісінде таныстырылған Әлеуметтік кодекске берілген баға. Депутаттардың айтуынша, әлеуметтің үлкен үмітін арқалаған осынау құжатта тәуелсіздік қарсаңында енгізілген айлық есептік көрсеткішті пайдалану жалғасуда. Жоспарлауға ыңғайлы бұл өлшемнің экономикаға да, жалақыға да еш қатысы жоқ. Сондықтан алдағы уақытта әлеуметтік төлемдерді ең төменгі күнкөріс деңгейі, не ең төменгі жалақы деңгейіне сай айқындау керек. Сонымен қатар, онда әлеуметтік параметрлерді анықтаудың бара-бар әдістері жоқ. Бұл төменгі күнкөріс деңгейі шындықтан тағы да артта қалды деген сөз.**

*(Соңы 3-бетте)*

ТАҒАЙЫНДАУ

## АСЛАМБЕК МЕРҒАЛИЕВ – ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫ

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы лауазымына Асламбек Мерғалиевтің кандидатурасын ұсынды.*

*«Бүгін біз Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен және Конституция мен Сенаттың айрықша кіріспесіне сәйкес, Жоғарғы Соттың төрағасын қызметінен босату және осы қызметке жаңа төраға сайлау туралы мәселені қарастырамыз. Бес жыл бұрын осы құқықты пайдалана отырып, Жақып Асановты Жоғарғы Соттың төрағасы етіп сайлағанбыз. Қаңтарда оның өкілеттігі аяқталады және басқа лауазымға ауысуына байланысты қазір сіздердің алдарыңызда Президенттің оны осы лауазымнан босату туралы ұсынысын қабылдаймыз», – деді Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу Сенат отырысында.*

*Сенаторлар Жоғарғы Соттың жаңа басшысы лауазымына Асламбек Мерғалиевтің кандидатурасын мақұлдады.*

*Жаңа төраға Сенатта ант қабылдады.*

*Асламбек Мерғалиев 1972 жылы 2 сәуірде Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық ауылында туған. 1999 жылы заңгер мамандығы бойынша Ыстамбұл мемлекеттік университетін бітірген. Сот саласында 2001 жылдан бері қызмет істеп келеді.*

*2001–2003 жылдары Павлодар облыстық сотының бас маманы болған Асламбек Амангелдіұлы Павлодар қалалық сотының судьясы; Павлодар облысы Екібастұз қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы; Павлодар облысы Екібастұз қалалық сотының төрағасы; Павлодар қалалық №2 сотының төрағасы қызметін атқарған.*

*Салада тыңғылықты жұмысы, озық нәтижесімен көзге түскен Мерғалиев 2014 жылдың 17 маусымынан 2015 жылдың 18 желтоқсанына дейін Солтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер бойынша апелляциялық сот алқасының төрағасы қызметін атқарған.*

*Асламбек Амангелдіұлының төрағалық қызметте де тәжірибесі мол. Жаңа қызметке тағайындалғанға дейін Қостанай облыстық сотында, Ақтөбе облыстық сотында төраға болып, жаңашыл басшы, мықты ұйымдастырушы ретінде көпшілікті мойындатты.*

*Еліміздің Жоғарғы Сотын жандандырып, жаңғырту сеніп тапсырылған Асламбек Мерғалиевтің жұмысына сәттілік тілейміз!*

ОҢ ҚАДАМ

# «ЖАСЫЛДАР» САЯСАТ МАЙДАНЫНА ҚОСЫЛДЫ

**Саны бірде өсіп, бірде кеміп жүрген Қазақстанның саяси партияларының қатары жасылдармен толықты. «Байтақ» жасылдар партиясы қоғамдық бірлестігін 28 қарашада Әділет министрлігі тіркеуге алды. Енді республикада 6 саяси партия бар. Олар – Аманат, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстанның халық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Байтақ» жасылдар партиясы.**

– Қоршаған ортаны қорғау мақсатында жасылдар партиясының құрылуы мемлекетіміз үшін де қуанышты жаңалық. Біз 24 тамыз күні Әділет министрлігінен құрылтай съезімізді өткізуге рұқсат алып, ол 24 қыркүйек күні Алматы қаласында өтті. Құрылтайға еліміздің түкпір-түкпірінен 1450-ден астам адам келіп, «Байтақ» жасылдар партиясын құру туралы шешім қабылданды. «Саяси партиялар» туралы заң талаптары толық орындалды. Біздің мақсат – еліміздегі экологиялық мәселелерді шешуге бүкіл қоғамды жұмылдыру. Соған орай ендігі міндет алдағы Парламент сайлауына дайындалу, – деді партия төрағасы Азаматхан Әміртай «Байтақ» жасылдар партиясының Алматыда ұйымдастырған алғашқы баспасөз мәслихатында.

Онда төрағадан өзге саяси кеңес мүшелері партияның таныстырылымы кезінде мемлекеттік тілде бір ауыз әу деуге жарамаған соң, шараның сұрақ-жауап кезеңінде еріксіз бірден мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге, өндіріс орындары шоғырланған қаланың ғана емес, ауылдың жағдайын да жақсартуға қатысты партияның ұстанатын саясатын және алдағы Парламент сайлауына қатысты болжамын сұрадық. Сауалымызға тағы да Азаматхан Сайлауұлы өзі жауап берді.

«Құрылтайға қатысқан делегаттардың 90 пайызы ауылдан келді. Сондықтан жиын 90 пайыз қазақ тілінде өтті. Біз мемлекетіміздің саясатын қолдаймыз, тіліміздің дамуына үлес қосамыз. Негізі қоршаған ортаға байланысты мәселелер қалада емес, өңірлерде көп. Қаланың халқы қоршаған ортаны қорғауда онсыз да белсенді», – деген «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы алдағы сайлаудың бәріне қатысатындарын жеткізді. Мәслихаттан бастап, Парламент депутаттары мен түрлі деңгейдегі әкімдердің сайлауында барынша белсенді болуға күш салатындарына сендірді. Сондай-ақ, партияны кім қаржыландырады, билікпен байланысы қандай деген әріптестер сауалына да жауап берді.

«Қазір партия құрғысы келетіндер аз емес. Алайда саяси партия құру үшін ынта ғана емес, мүмкіндік те қажет. Қаржысыз партия құрылмайды. Кеше теледебатқа қатыстым. Сонда бір жігіттер партия құрамыз, бізге қаржы керек емес дегенді айтты. Олардың қаржысыз қалай республиканы аралап, халықпен кездесу өткізетіні белгісіз. Жасыратыны жоқ, қазір өздерінің танымалдығын арттыру үшін «біз партия құрамыз» деп халықты адастырушылар бар. Біз 2015 жылы экологиялық қозғалыс құрғаннан бастап, біршама қаржы жұмсадық. Сондықтан 2016 жылдан бастап мен барлық шараға өз қалтамнан ақша жұмсап жүрдім. Қазір біртіндеп демеушілер шыға бастады. Алдағы уақытта да қаржыдан тапшылық, мұқтаждық болмайды деп ойлаймын. Жалпы «жасылдар» халық жағында болғанымен, қоршаған ортаның қордаланған мәселесін шешуде биліктегі түрлі министрлік, әкімдіктермен қоян-қолтық араласып жұмыс жасайтын болады. Тек біржақты сынап қоймай, мәселені шешу жолын ұсынуға қатысады», – деді.

Бұл шешім олардың болашақ ұрпақ үшін биоалуантүрлілікті сақтай отырып, орнықты даму қағидаттары мықты Қазақстан құру ұстанымына байланысты қабылданып отыр.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Жұлдыз СҮЛЕЙМЕН,**
*Парламент Мәжілісінің депутаты:*

## «БІЛІМ САЛАСЫ СЫНАҚ АЛАҢЫНА АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК»

***– Жұлдыз Досбергенқызы, Сіз халыққа қаншалықты жақын депутатсыз? Сайлаушылар кез келген уақытта мұңмұқтажын айта ала ма?***

– Иә, халыққа жақын депутатпын деп батыл айта аламын. Өйткені, қазір халықпен қоян-қолтық жұмыс істеуге еш кедергі жоқ. Дамыған ақпараттық технология бұған кеңінен мүмкіндік беріп отыр. Әсіресе, фейсбук, инстаграмм секілді әлеуметтік желілердің арқасында бүгінде жұртшылықпен үнемі біргеміз десек те болады. Бұған қоса өз басым ютубтан және тик-токтан парақша аштым. Соңғысы арқылы халыққа бұрынғыдан да жақындай түскен сияқтымын. Байқасам, қалың қазақ сол жақта екен. Оған бір-екі жалғызбасты, асыраушысынан айырылған аналарға әлеуметтік категорияларды қайтаруға қатысты видео жүктеп едім, сұрақтар мен пікірлердің астында қалдым.

*(Соңы 5-бетте)*

САЙЫС

# ТАРИХЫН ҚҰРМЕТТЕГЕН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

**Қазақ халқының ұлы шешен, мәмілегер, қоғам қайраткері Қазыбек бидің 355 жылдық мерейтойы аясында Қарағанды облыстық сотында шешендік өнерді дамыту мақсатында алғаш рет «Дебат-пікірталас» сайысы өтті.**

Іс-шараның негізгі мақсаты сот саласындағы мамандардың көшбасшылық қабілетін арттыру, ата-бабамыздан қалған шешендік өнерді жас мамандардың бойына дарыту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру болып табылады.

Аталған іс-шараны Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріпов ашып, «Өткен тарихын құрметтемеген елдің болашағы бұлыңғыр» демекші, тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз жарқын, келешегіміз кемел болуы үшін, елді елдікке және егемендікке жеткізген осы билердің тарихын өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау парызымыз. Билер сотында әділдікке жетудің үлкен бір жолы – сайыскерлік процесі» екендігін айта келе, сот мамандары арасында ұйымдастырылып отырған «Дебат-пікірталас» сайысының қатысушыларына сәттілік тіледі.

«Қарағанды облысы бойынша Соттар әкімшісі» РММ-нің басшысы Мақсат Исин Қазыбек бидің шыққан тегіне, үш жүздің күрделі мәселелердің басында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы болғанына тоқталып, қазақ халқының бірігуі мен оның мемлекеттігін сақтап қалуға қыруар күш-жігер жұмсаған көрнекті мәмілегер Қазыбек би туралы жас ұрпақтың білуі қажет ақпараттарды сөзге тиек етті.

Дебатқа аудандық және оған теңестірілген соттардың ең жүйрік, білгір мамандары қатысты. Іс-шарада «Сот жүйесінің жариялылығы мен ашықтығы», «Татуластыру рәсімдерінің қазіргі әлеуеті», «Тараптардың теңдігі мен сайыскерлігінің мәселелері» жайлы тақырыптар талқыланды. Әр топта үш спикерден құралған жақтаушы және даттаушы топтар тартысты әрі қызықты пікірталас көрсете білді.

Әділ қазы мүшелері дебат спикерлерін сөйлеу шеберлігі, жоғары мәдениеттілік, өзіндік айқын көзқарасын қалыптастыру критерийлері бойынша бағалап, «Дебат-пікірталас» қорытындысы бойынша ең үздік спикер және ең үздік көшбасшы номинацияларының жеңімпаздарын анықтады. Соттар әкімшісінің басшысы Мақсат Исин жүлдегерлерді марапаттап, дипломдар мен ынталандыру сыйлықтарын табыс етті.

Ауқымды шара әрі қарай балаларды қолдау жылына орай арнайы шақыртылған Қарағанды облысы білім басқармасының «мамандандырылған музыка мектеп-интернатының» оқушыларының мерекелік концертіне ұласты.

**Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі**

ТҮЙТКІЛ

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА КӨЗЖҰМА ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

**Тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Статистикалық деректерге сүйенсек, жыл басынан бері отбасылық-тұрмыстық негізде 668 қылмыс жасалып, жанжал шығарушыларға қатысты 35 мың әкімшілік хаттама жасалған екен.**

Ал, осы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабын тартатындардың қатарында әйелдер мен балалардың үлесі басым. Алайда, табиғатынан көнбіс қазақ әйелдері жұрт алдындағы абыройын ойлап, «бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» дегендей көрген қорлығын қоғамда ашық айта бермейді.

Осы орайда, тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті. Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңы қабылданды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері сақталуына кепілдік беру, дене зардабын және психикалық зардап шегуіне жол бермеу, отбасын қолдау және сақтау, құпиялылық, өмірлік қиын жағдайда жүрген әрбір адаммен және азаматпен жеке жұмыс жүргізу және т.б. принциптеріне негізделеді. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін жеке және заңды тұлғалардың өтініштері немесе хабарламалары, ішкі істер органы қызметкерінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жасалу не оны жасауға әрекет ету фактісін тікелей анықтауы, мемлекеттік органдардан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан келіп түскен материалдар негіз болып табылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткен адам Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің арнайы баптарымен әкімшілік жазаға тартылады. Атап айтсақ, құқық бұзушы отбасында тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Мұндай іс-әрекеттер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғатыны ӘҚБтК-нің 73-бабында көрсетілген. Ал, егер, денсаулыққа орташа немесе аса ауыр залал келтірілген болса, кінәлі азамат қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Халықаралық ұйымдардың мәліметіне сүйенсек, әлемде 5 минут сайын бір ана мен бала зорлық-зомбылық құрбаны болады екен. Сондықтан, елімізде аталған сипаттағы қылмыстардың жыл сайын көбеюіне бүкіл қоғам алаңдаулы. Қорыта айтсақ, ата-бабамыз қашанда әйелді тыныштықтың ұйытқысы, отбасының шырағы деп бағалап, баланы өмірдің мәніне теңеген. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермей, отбасының шырағын сөндірмей, ұл-қызды ұлықты етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

**Жаңылхан ЖУСУПОВА,**
**Маңғыстау облыстық қәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы**

ТҰҒЫР

# ИГІЛІКТІҢ БӘРІ ХАЛЫҚ ҮШІН

**Тәуелсіздік – қазаққа біткен бақ. Оның парқын, қадірін білмейтіндер кемде-кем. Әлемде екі жүзге жуық мемлекеттің тәуелсіздігі мойындалған. Ал туған тілі болғанымен, ұлтарақтай жері жоқ, ниеті болғанымен, бірлігі жоқ қаншама ұлт өзге елдердердің құрамында тірлік кешіп жатыр?! Қазақстан – ұланғайыр жерді мекендеп, мемлекеттік тіліне мәртебе берген, шекарасын бекітіп, зайырлы қоғам құруға батыл қадам жасаған санаулы тәуелсіз елдің бірі. Осындай бақытты бұйыртқан ата-бабамызға біз мәңгілік борыштармыз.**

Міне, егеменді ел атанып, тәуелсіздіктің Көкбайрағын желбіретіп келе жатқанымызға да отыз жылдан аса уақыт өтті. Осы отыз жылда мерейімізді тасытып, мәртебемізді асқақтатар жағымды өзгерістер аз болған жоқ. Соның негізгісі мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту үшін ел бірлігін сақтауға, тыныштығы мен татулығын баянды етуге бағытталды.

Қазақстан жылдар бойы көптеген ұлттар мен ұлыстардың бейбіт өмірінің бесігі болып келеді. Елімізде тұратын жүзден астам этностың тағдырын қазақ тағдырынан бөле-жара қарамай, барлығын бір ананың баласындай бауырға тартқанның нәтижесінде Қазақстан ішкі-сыртқы саясатта үлкен беделге ие. Жас мемлекетімізде саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім қалыптасып, Қазақ халқының береке, бірлігі артты.

Біздің құқықтық, зайырлы мемлекетімізде азаматтарды ұлтына, тіліне, жынысына, жасына, біліміне, діні мен діліне қарап алалауға жол берілмейді. Бұл мемлекеттің бас құжаты – Конституцияда алтын әріптермен тайға таңба басқандай етіп жазылған. Елдегі заңдылықтың, құқықтық еркіндіктің, әділдіктің тұғырына айналған Ата Заңымыз барлық салада кедергісіз дамуға, іркіліссіз ілгерілеуге кепілдік береді. Тәуелсіздікпен бірге қалыптасып, қадамын нықтаған, халықаралық талаптарға сай дамудың даңғыл жолына түскен қазақстандық соттың да тура жолдан айнымауына серпін берген – осы Ата Заң.

Ата Заң – барлық заңнаманың күретамыры. Тәуелсіздік жылдарында отандық заңнаманың берік іргетасы қаланды. Құқықтық мемлекеттің тірегі – заң болғандықтан, елдегі қарым-қатынастың бәрін заңдық тұрғыдан реттеудің негізі жасалды. Мемлекеттің қалыптасуы, ең алдымен, биліктің мемлекеттік институттарын құрумен, жалпы халықаралық деңгейде танылу арқылы, сондай-ақ, әртүрлі дүниежүзілік ұйымдарға кірумен тығыз байланысты. Осылайша мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі тармақтарының ара жігі ажыратылып, Конституция мен заңдарда құзырлы органдардың бір-бірінің өкілеттігіне араласпау тетігі жасалды. Осы ретте тәуелсіз сот билігінің қалыптасуына 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның ықпалы зор болғанын айта кеткеніміз жөн. Бұл құжат тура төрелік тұғырын жетілдірудің өте маңызды алғышартына айналды. Аталмыш заңды басшылыққа ала отырып соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен бекітілді, судьялардың әлеуметтік жағдайы ескеріліп, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Конституциялық заң сот құзыретінің шегін кеңейте түсті, судьялар сот төрелігін жүзеге асырған кезде тек заңға ғана емес, әділеттілік атты аса маңызды моральдық, құқықтық және саяси ұғымға сүйенуге мүмкіндік алды.

Шындығында тәуелсіздік жылдарында қазақстандық сот қарқынды дамыды, халықаралық талаптарды ескере отырып халық сенімін ақтайтын біртұтас құрылымға айналды. Отандық заңнаманың мықты базасы қалыптасты. Сот пен халық арасын жақындатып, сенімді нығайтудың тетігі жасалды. «Алқаби туралы» «Медиация туралы» заңдардың қабылдануы сөзіміздің нақты дәлелі.

Салада қолға алынған реформалардың мақсаты бір, ол – ел сенімін нығайтуды көздейді. Әсіресе, соңғы жылдары сот жұмысын оңтайландыру, халыққа жақындату бойынша жүргізілген іс-шаралар ауқымды. Мәселен, алқаби болу арқылы қарапайым азаматтар сот қызметін тереңірек түсініп, судья жұмысының қаншалықты жауапты екеніне көз жеткізері анық. Сондай-ақ, жаңа технология жетістіктерінің сот істеріне дендеп енгізілуі азаматтарды артық әуре-сарсаңнан сақтап, қаржысы мен уақытын үнемдеуге бағытталған болатын. Мұндағы артықшылықты азаматтар тәжірибе барысында көріп, біліп отыр. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғаның өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың төрелік алаңына деген сенімін күшейтті. Халық игілігіне бағытталған мұндай ілкімді істер алдағы уақытта да жалғасын табары даусыз.

**Жайық ЖАНБОЛАТОВ,**
**Қонаев қалалық сотының судьясы**
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ШАРА

# ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНЕ ҚҰРМЕТ

**ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясында қазақ детективінің атасы Кемел Тоқаевқа арналған бұрыш ашылды.**

Кемел Тоқайұлы Тоқаев (бірінші қатар, оң жақтан екінші)

65 жылдық тарихы бар Алматы академиясында жазушы Кемел Тоқаевқа арналған бұрыш ашудың да өзіндік себебі мол. Аталған оқу орны құрылған алғашқы жылдардың өзінде-ақ курсанттардың патриоттық тәрбиесі мен рухани дамуына ерекше көңіл бөлінді. Бұл орайда курсанттар үшін Кеңес Одағының Батыры Б.Момышұлымен, партизан отрядының командирі Қ.Қайсеновпен, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т.Бигелдиновпен, С.Луганскимен және атақты әнші Роза Бағлановамен, жазушы Мұхтар Әуезовпен кездесулердің маңызы ерекше болды.

Солардың ішінде Қазақстанда детектив жанрын дамытқан жазушы Кемел Тоқаевтың курсанттармен кездесуі олардың есінде мәңгі сақталатын кездесу болған еді. Өйткені, жазушының «Жұлдызды жорық», «Ағын», «Арнаулы тапсырма», «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға», «Көмескі із» кітаптары мен қазақстандық чекистерге арналған «Таңбалы алтын» повесі курсанттардың қолынан түспейтін шығармалар еді. Милиция мен мемлекеттік қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің өмірінен алынған оқиғалардың желісі қылмыскер қалай жасырынса да, қайда қашса да әділ жазадан құтылып кете алмайтындығымен құнды болды.

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов кезінде «Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының көшбасшысы Кемел Тоқаев қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгердің бірі болды. Оқырмандарының өтініші бойынша Кемелдің кітаптары үш-төрт реттен қайта басылып отырды», – деген болатын. Ал, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әкім Таразидың «Кемел аға Тоқаевпен біз үнсіз табыстық. «Сарғабанда болған оқиға» хикаясын оқыдым. Ұнаттым. Ұнатып қана қойған жоқпын, таңғалдым. Кемел аға киелі қазақ әдебиетінің жаңа арнасын ашты. Шытырман оқиғалы шымыр шығармалар жазды. Кемел ағаның туындылары оқырман жүрегі деп аталатын алтын межеден бір-ақ табылатын. Кітаптары дүкен сөресінде бір күн де жатпайтын» деген естелігі К.Тоқаев кітаптарын оқырмандары сүйіп оқитынына куә.

Алматы академиясында ашылған бұрышқа жазушының аталған оқу орнына келгендегі суреттері мен кітаптары, белгілі тұлғалардың Кемел Тоқаев туралы естеліктері қойылды.

**А. САЙТБЕКОВ,**
**ІІМ Алматы академиясының бастығы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІНЕ САЙ БОЛСЫН

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Биылғы 10 айда азық-түлік инфляциясы шамамен 20 пайызға жетті. Яғни, зейнетақы мен жәрдемақыны есептеу үшін белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері енді азаматтарды тиісті әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан министрлікке ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу әдістемесін жетілдіру жұмыстарын бастау керек.

Жиында жаңа құжатты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова таныстырған болатын. Оның айтуынша, құжат елдегі жағдайды, әлемдік тәжірибені терең зерделеу негізінде әзірленді. Сондықтан Әлеуметтік кодекс жаңа әлеуметтік саясатты құруға тұғыр болып, қазақстандық отбасының әл-ауқатын көтеру мен нығайтудың базалық жағдайын қалыптастырады. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мемлекет, бизнес және азаматтар арасында жаңа әлеуметтік келісім-шарт жасау қарастырылады.

## Отбасының цифрлық картасы

Министр құжаттың негізгі жаңалығы ретінде алдымен отбасының цифрлық картасы туралы айтты. Бұл платформа мемлекеттік органдардың барлық қолданыстағы ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде қалыптастырылады және 6,3 млн қазақстандық отбасы немесе 19,4 млн азамат туралы ақпаратты қамтиды. Отбасылық цифрлық карта мемлекеттік әлеуметтік саясаттың орта және ұзақ мерзімді міндеттері мен бағыттарын айқындау құралы бола алады. Бұл ретте оны әзірлеу және пилотты түрде іске асыру барысында жасалған тұжырымдар негізінде кодексте азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесінде жаңа тәсілдерді енгізу қарастырылған. Біріншіден, атаулы көмектің мәні өзгереді. Енді атаулы көмек, қандай да бір қызметті алатын тек нақты адам емес, отбасыны немесе азаматты қиын өмірлік жағдайдан шығара алатын атаулы шара ретінде қарастырылатын болады. Екіншіден, қолданыстағы әлеуметтік контрактының жаңа мазмұнында, яғни, тараптардың жауапкершілігін арттыру қаралып отыр. Мысалы, мемлекет нақты бір отбасының әл-ауқат дәрежесіне қарап атаулы шара көрсетуге міндетті болса, оны алушы отбасы бұл шараларды өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін орындауға міндетті.

Сонымен қатар, Әлеуметтік кодекс жобасында отбасыларға берілетін мемлекеттік қолдауды кеңейту көзделіп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ұлттық қордың инвестициялық кірісінен түскен табыстың 50 пайызын қайта бөлу есебінен қалыптастырылатын бастапқы капитал 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға қосымша жәрдем ретінде енгізілуде. Бала күтіміне байланысты төлемдер мерзімі ұзартылып, көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері көбейтіледі. Сонымен қатар, «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған аналар деген жаңа статус енгізіледі. Бұдан бөлек, 2025 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінен емес, медиандық табыс есебінен анықталатын болды.

Кодекс жобасындағы тағы бір жаңалық мүмкіндігі шектеулі балалары немесе адамдары бар отбасыларға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін толығымен трансформациялауға бағытталған. Осы шара аясында мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету ісіне олардың отбасы мүшелері тартылады. Онда отбасы мүшесі жеке көмекші немесе әлеуметтік қызметкер ретінде ресімделеді. Бұл жұмысқа еңбекақы төленеді және осы кірістен әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы жарналары аударылады.

## Еңбек нарығын либерализациялау

Бес новелланың бірі халықты жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдеріне қатысты. Тамара Дүйсенованың айтуынша, ұсынылған жаңа тәсілдер ең алдымен икемді жұмыспен қамтудың жаңа формаларының пайда болуына және оларды реттейтін заңнамалық базаның әлі қалыптаса қоймауына, жұмыс орындарының тиісті саны мен сапасын талап ететін жас жұмыс күші ағынының айтарлықтай артуына, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне әлі де болса толық қатыспай отырғанына байланысты болып отыр. Аталған проблемаларды шешу үшін Әлеуметтік кодекс жобасында 3 бағыт көзделген. Біріншісі – еңбек нарығын либерализациялау (ырықтандыру). Бұл икемді жұмыспен қамтылудың барлық түрлерін, соның ішінде платформалық жұмысты тануды білдіреді. Осы мақсатта «тәуелсіз жұмыскер» – яғни табыс әкелетін еңбекпен айналысатын, бірақ тиісті уәкілетті органдарда ресми мемлекеттік тіркеуі жоқ тұлға ұғымы енгізілген болатын. «Осындай жұмыскерлер қызметтерін онлайн платформалар офертасына қосылу немесе жария шарт жасасу арқылы атқаратын болса, онда бұл жұмыскерлер ресми жұмыспен қамтылды деп танылады. Мысалы, Яндекс такси онлайн платформасына қосылған такси жүргізушілері, Glovo онлайн платформасына қосылған курьерлер осы санаттағы жұмыскерлер қатарына жатады.

Екіншісі – жұмыс күшінің дағдыларын арттыру. Бүгінгі таңда дипломның болуы біліктілік деңгейінің көрсеткіші емес екенін мойындауымыз керек. Сондықтан жұмыс берушілердің көбісі нақты жұмыс өтілінің болуын талап етеді. Бұл жастардың жұмысқа орналасуына кедергі болуда. Осыған байланысты, ұлттық біліктілік жүйесін дамыту арқылы білім беру жүйесін жұмыс берушілердің талаптарымен байланыстыратын «Кәсіптік біліктілік туралы» заңның жобасы әзірленді. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің техникалық тапсырмаларына, яғни кәсіптік стандарттарына сәйкес әзірленетін болады. Дағдылар мен құзыреттерді бағалау үшін сертификаттау жүйесі енгізіледі.

Ал, әлеуметтік тәуекелдерден сақтандыруды көздейтін қолданыстағы сақтандыру жүйесіне қатысты министр оның халықаралық стандарттарға және нақты экономикалық жағдайларға сай келетінін атап өтті. Сондықтан бұл жүйе сақталады, бірақ оның мақсатты міндеті өзгереді. Жүйе тек әлеуметтік төлемдер төлеуге ғана бағытталмай, ең алдымен ол азаматтарды формальды түрде жұмыспен қамтылуға ынталандыруды көздейтін болады. Осы мақсатта Салық кодексіне шағын бизнестің жалдамалы жұмыскерлері үшін бірыңғай міндетті төлемді енгізуге қатысты өзгерістер енгізіледі.

## Көпшілікті қолдаудың көпдеңгейлі моделі

Көптің назарындағы тағы бір өзекті мәселе зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне қатысты министр азаматтарды 3 санатқа бөлуге болатынын мәлімдеді. Қазіргі және болашақ зейнеткерлердің жағдайы қиындау. Бүгінгі зейнеткерлер толқыны үшін алдағы 5 жылда базалық зейнетақы мөлшері көбейтіледі, ал ынтымақты зейнетақы мөлшері ең жоғары табыстың көлемі 46-дан 55 АЕК-ке дейін немесе орта айлық жалақының 70 пайызына дейін жеткізу арқылы өседі. Ал зейнетақыны өз жинақтары есебінен қалыптастыратын болашақ зейнеткерлер үшін қосымша жұмыс берушілердің зейнетақы жарнасы енгізіледі. Бұл жарна қолданыстағы заңда көзделген шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесі үшін база қалыптастырады. Осылайша бұл топтағы азаматтар зейнеткерлік жасына жеткенде қазіргі зейнеткерлер секілді зейнетақының 3 түрін алатын болады: мемлекет есебінен – базалық зейнетақы; жұмыс берушілер есебінен – шартты-жинақтаушы зейнетақы; өз жинақтары есебінен – жинақтаушы зейнетақы. Тоқетерін айтқанда, құжаттың жаңалықтары түрлі әлеуметтік қатерлер туындаған кезде әлеуметтік қолдау көрсетудің көпдеңгейлі моделіне негізделген.

Отырыста сөз алған депутаттар бұл тәсілді қолдауға болатынын айтқанымен, олардың халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал ете алмайтындығын орынды сынады. Өйткені, ол жоғарыда айтылғандай не экономикамен, не жалақымен байланысты емес. Жиында қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Жәмилә Нұрманбетованың айтуынша, еліміз үшін басы ашық мәселе – біз әлі де «кедейшілікті жеңе алмаймыз». Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша Қазақстан азаматтарының 15 пайызы кедей. Сонымен қатар, ресми статистика халықтың 5,1 пайызы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өмір сүретінін көрсетеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі цифрлық отбасы картасын ұсына отырып, өз жағдайын «ауыр» деп санайтын отбасылардың үлесі шамамен 15 пайыз екенін көрсетеді. Мұндай әртүрлі деректер мемлекет тарапынан қолдауды қажет ететіндердің нақты санын анықтауға мүмкіндік бермейді. Кедейлік шегінен төмен тұратын азаматтарды әлеуметтік қолдау шараларының бірі атаулы әлеуметтік көмек. Оның Әлеуметтік кодекс жобасында белгіленген нормасы, өкінішке қарай, түбегейлі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Соңғы жылдары көптеген елдер кедейлік деңгейін анықтау кезінде кедейлікті өлшеудің көп өлшемді үлгілерін қолдануға тырысты. Әлемнің 130-ға жуық елі азаматтардың денсаулық сақтауға, білім алуға, жеке баспанаға және тұрақты табысқа қол жеткізу мүмкіндігін назарға алады. Сондықтан, министрліктің кедейшілікті өлшеудің көп өлшемді моделін ескере отырып, атаулы әлеуметтік көмекті жетілдіруді жалғастыруы мақсатқа сай болмақ. Ең бастысы, мұқтаж әрбір отбасы тиісті мемлекеттік органдардың назарында болуы керек. Бұл әр отбасымен жеке жұмыс істеуді талап етеді. Ал бұл цифрлық карта бойынша қазірдің өзінде 1,2 миллион отбасы.

## Бетбұрыстар кезеңі

Кедейлік деңгейін төмендету мәселелерін шешуде халықты жұмыспен қамту мәселелері маңызды рөл атқарады. Депутат бұл мәселенің де шешімі ретінде кодексте бұрынғы әдістің қайталанғанын айтты. 2007–2008 жылдардағы дағдарыс кезеңінде жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру түрінде әзірленген тетік 15 жылға жуық уақыт бойы қолданылып келеді. Миллиондаған қаражат кәсіпкерлік негіздерін үйретуге бағытталған. Сонымен қатар, жұмыссыздықтың 4,9 пайызы тұрақты деңгейіне қарамастан, Қазақстан еңбек нарығы үшін «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар», өзін-өзі «өнімсіз», «өнімді» жұмыспен қамтығандар, жасырын жұмыссыздықтың болуы, сондай-ақ «көлеңкелі жұмыспен қамту» проблемалары тән болып отыр. Жұмыссыздардың нақты санын анықтаудың нақты әдістемесінің болмауы халықтың мемлекеттік органдарға сенімсіздігін туындатады. Жұмыспен қамту саласы тұрмыс деңгейі мен адам әлеуетінің сапасын арттыруға бағытталған реформалар қажет. Бұл ретте әкімдер – шешуші рөл атқарып, ал министрлік – стратегиялық жаһандық процестерге ілесуі тиіс. Ол үшін әкімдердің жұмысы қазіргі жағдайдағыдай уақытша емес, сапалы жұмыс орындарын құруға бағытталуы керек.

Сол секілді зейнетақымен қамтамасыз етуде де пәрменді шаралар қабылдау қажет. Болжам бойынша, 2050 жылға қарай зейнетке енді ғана шыққан азаматтардың басым бөлігі жоғалған табыстың тек 30 пайызын ғана ала алады. Бұл жағдайды елдегі жалақының төмендігі немесе «мүлдем аянышты жалақы», қазақстандықтардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына деген сенімсіздігі, зейнетақы активтерін мерзімінен бұрын алып қоюы қиындата түседі. Егер тиімді шешім таппасақ бүгінгі қызметкерлер болашақта базалық зейнетақыға ғана үміт арта алады. Сондықтан болжамды инфляция деңгейінен кем емес зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілігін заңнамалық деңгейге енгізу қажет. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының рөлін күшейту, өз қызметінің халық алдындағы ашықтығын міндеттеу талап етіледі.

Тоқетерін айтқанда Әлеуметтік кодексті әзірлеу – еліміз үшін әлеуметтік заңнаманың ескі негіздері қирап, жаңалары қаланатын бетбұрысты кезеңге айналуы керек. Демек, бұл құжаттпен жұмыс терең зерттеу мен тиімді шешімдер қабылдауды қажет етеді.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

ТӘЛІМ

# БАЛАНЫҢ БАСТЫ БАҒБАНЫ – АТА-АНАСЫ

**Бала – елдің болашағы, әрбір отбасының үміті. Әр үйде үлпілдеп өскен баланың болашағының жарқын, мақсатының орындалуы тәрбиесіне байланысты. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тәмсілдің мәні осында. Соған орай, бала тәрбиесіне ешқашан салғырт қарауға, екінші қатарға ысырып қоюға болмайды.**

Баланың басты бағбаны – ата-анасы. «Баланы жастан» демекші, әркім ұл-қызының тәрбиесін ерте кезден қолға алғаны жөн. Өкінішке қарай, бүгінгі ұрпақты теледидардың, ғаламтордың тәрбиелеп жатқанын мойындауымыз керек. Қазіргі бүлдіршіндердің көбі смартфонға байланған. Тіпті «апа, ата» дегенді енді айта бастаған, тілі жаңа шыққан балалардың өзі ғаламторға кірудің тетігін жақсы меңгерген. Баласының тілі толық шықпағанымен, телефонның тілін білетінін мақтаныш көретін ата-аналар аз емес. Бұрын бір жастан асқан баланың сөйлеуге талпынбауы ата-ананы алаңдататын. Ал қазір екі-үштен асқан балалар ең қажетті сөздерді әрең айтады. Көбінесе өзіне керегін ыммен түсіндіреді. Төрт-бес жастағы балалардың көпшілігі сөздерді анық айтпайды. Сөздік қоры мүлдем аз. Ал мектепке даярлық тобындағы балалардың басым бөлігі логопед мамандардың көмегіне зәру. Бұл ненің белгісі? Мұның басты себебі – ата-ана баласымен сөйлеспейді, баласының дамуына көңіл бөлмейді. Әсіресе, осындай теріс атмосфера жастардың арасында қалыптасып отыр.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, үйінде ата-әжесі бар, көп балалы отбасылардың балалары тез сөйлейді. Тілдері тез шығады. Мұндай балалар өз қатарымен жылдам ұғынысып, достасып кетеді. Ал үйінде бірді-екілі бала тәрбиелеп отырған, өздері күні бойы жұмыста болатын жас отбасылар баласымен сөйлесуге уақыт кетірмейді. Тіпті, баласын қонаққа, көпшілік жиналатын орындарға апарған күннің өзінде қолына смартфон, планшет ұстатып қоятындарды жиі кездестіруге болады. Немесе ұл-қызын ойнатып қойып өзі телефонына телміріп, көзін смартфоннан алмайтын жас аналар жетерлік. Олар өз баласының мейірімге, қолдауға, сөйлесуге мұқтаж екенін түсінгісі келмейді. Айналасындағыларға биік талап қойып, баласына ерекше жағдай жасалғанын қалайтын сол ата-аналар тәрбиенің бастауында отбасы тұратынын білмейді.

«Отан – отбасынан басталады». Отбасы ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыратын мектеп десек те болғандай. Тәрбие жоқ жерде білім де жоқ. Тәрбие қаншалықты тереңде болса, білім де соншалықты тереңде. Әрине, әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Сыйластық, түсіністік, зор жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады. Біз ата-аналарға осыны ұғындыруымыз керек.

Ата-ана балаларына қарауға үнемі қолы тимей өз ісімен ғана шұғылданса, ұрыс-керіс немесе қиын уақыттарды бастан кешкен кезде баланың да психологиясында үлкен өзгеріс орын алады. Балалар ата-ананың мінез-құлқын қайталайтынын есте сақтау маңызды. Сондықтан, тәрбиелі ұрпақ өсіргіміз келсе алдымен өзіміздің тәрбиемізге, өзіміздің әрекетімізге назар аударғанымыз жөн.

**Шынар МӘЛІККЫЗЫ**
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БАҒДАР

# ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ

**Тәуелсіздік – ата бабамыздың ұзақ жылдар бойы аңсаған арманы. Алайда елге егемендік пен бірлік, тәуелсіздік оңайлықпен келмеді.**

Мың жылдық күрестер және қайғылы 1986-дағы Желтоқсан оқиғасының өзі ғана таусылмас тарих. Бұл жолда қаншама боздақ опат болды, отанының азаттығы үшін өмірін құрбан етті.

1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумында Д.Қонаевтың зейнеткерлікке шығуына байланысты Республика Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетінен босатылып, оның орнына Г.В. Колбин сайланған еді. Бұл шешім қазақтың талай жылдардан бері бұғып жатқан ашу-ызасын өршітті, халықтың наразылық ұшқынын үрледі. Бейбіт шеруді мақсат еткен наразылықтың аяғы қарулы қақтығыс, қарапайым халықтың қантөгісімен аяқталды. Алайда, қазақ жастарының алаңдағы ерлігі халыққа егемендік сыйлады, азаттықты әкелді.

1991 жылы қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізіп, 1990 жылы 25 қазанда Тәуелсіздік жөніндегі декларация қабылданды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін ресми түрде жариялады. Еліміз бейбіт өмірге, тыныштыққа жету үшін қаншама қиындықтан өткендігін естен шығармай, болашағымыз, тәуелсіздігіміз мәңгі болуы үшін, Отанды сүйіп, құрметтеп, егемендігімізді қадірлеп, адамгершілікпен әділеттілік қасиетін ұғыну қажет. Біз бүгінгі таңда тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан бақытты жандармыз.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат. Оның беріктігі мен тұтастығы үнемі мемлекет назарында. Соңғы бесжылдықтар біздің ел үшін жаңа белестер кезеңі болды. Жаңа Қазақстанның іргетасын нықтау, әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құру бүгінгі биліктің басты ұстанымы, басты бағдары.

Президент Қасым-Жомарт Токаевтың жолдаулары осы сұранысқа тікелей жауап. «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» бұл шын мәнісінде, «әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет» деген ұстаным мен бағдар Қазақстанның көп жылдық жоспарларынан хабар береді. Былтырғы бұл үрдіс биылғы жолдауда да шет қалмады. Құқықтық саладағы өзгерістер оның ішіндегі 2021 жыл 1 шілдесінде қолданысқа енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс еліміздің сот жүйесіне жаңа серпін берді.

Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар ашылды, олардың ең басты міндеті – қарапайым адамдар мен бизнестің құқықтарын мемлекеттік органдардың қыспағынан қорғау болып табылады, яғни жария-құқықтық дауларды шешеді.

Осы қысқа мерзімде жүзеге аса бастаған әкімшілік әділет институтының маңызы зор, ол өзінің тиімділігі мен қажеттілігін дәлелдеді. Қазақстан қоғамда, құқықтық салада халықаралық алаңда өзінің заңды және лайықты орнын алып, оң өзгерістер жасауға ұмтылуда, соттағы мемлекеттік органдарға қатысты даулы істердің 60 пайызы адамдар мен бизнестің пайдасына шешілген.

Жаңа кодекстегі жаңалықтардың бірі жария-құқықтық дау бойынша татуласу рәсімдерінің артқаны. Яғни, тараптар, азаматтар мен бизнес саласы мемлекеттік органмен татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімдер жасасу және соттың осындай келісімдерді бекітуі арқылы татуласу құқығын заңнамалық бекіту мәселелеріне бет бұрды.

Кез келген істе, әрбір шешім қабылдар сәтте әділдік, заңдылық, адамгершілік қағидатын басшылыққа алу кез келген судьяның міндеті. Әділет бар жерде өркендеу мен өсу, гүлдену бар.

**А.АБДУЛЛИНА,**
**Ақтөбе облысының**
**мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

КИЕ

# ЕЛ БОЛАШАҒЫ ТІЛГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

**Тіл – мемлекеттің қалыптасу сатысында қатар дамитын ерекше құбылыс. Елдің дамуы мен болашағы тікелей тілге байланысты. Әрбір мемлекеттің тарихын алтын әріптермен өрнектеп, ұрпақтан ұрпаққа мұра қылып жеткізуші де тіл. Еліміздің мемлекеттік тіл туралы заңы 1989 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданған болатын.**

**Г.БАЙДРАХМАНОВА,**
**Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсе меңгерушісі**

«Тіл туралы» заңда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» – деп жазылған. Әрине ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Сонымен бірге, ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Конституциямыздың 7-бабының 1-тармағында ҚР-дағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп анық жазылған, Ата Заңымыздан туындаған «Тіл туралы» заңда да осы жағдай берік ресми түрде ғана қамтылған. Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындағы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру.

Азаматтардың құқықтары мен заңнамалық негізі бар. Кез келген тілді меңгеру мәселесіндегі басты шарт – адамның өзінің ішкі ой-ниеті мен қажеттілігі. Жетпей тұрғаны – адамдардың ықыласының аздығы. Осы ықыласты оятып, қазақ тілін қоғамдағы бірінші қажеттілікке айналдыру керек. Енді өз тілімізбен өмір сүретін уақыт жетті. Тіл жанашыры М.Шаханов:

Өз тіліңді менсінбеуің,
Өз тіліңді жерсінбеуің,
Қай дәуірде болып еді тапқырлық?

Ол – рухани мүгедектік, әрі ұлттық сатқындық, – дейді.

Қазір егеменді ел болып, өз қолымыз аузымызға жеткен кезеңде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, оны құжат, коммуникация, телеарна, радио, баспасөз тіліне айналдырудың мүмкіндігі молайды.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен деймін.

ҚАРАШАҢЫРАҚ

# КӨШБАСШЫ

Еліміздің ең еңселі әрі беделді оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Онда еліміздің атын әлемге танытқан ғалымдар мен заңгерлер, экономистер, тарихшылар, журналистер, қоғам қайраткерлері тағы басқа тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтқан айтулы тұлғалар білім алды. Мұнда мықты ғалымдар мен ұстаздар, өз ісінің нағыз шеберлері дәріс оқиды.

Заң факультеті 1955 жылы Алматы заң институтының негізінде ашылды. Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Қалимолла Халықов сынды заң корифейлерінің есімі осы оқу орнымен тығыз байланысты. «Болмасаң да ұқсап бақ» деп Абай Құнанбаев айтқандай, біз де сол аға-аталарымыздай болуға, сол кісілер салған сара жолмен жүруге тиіспіз.

Білім ордаларының киелі қара шаңырағында студенттер түрлі мамандық бойынша білім алады және олар халықаралық деңгейге сай, бәсекеге қабілетті мамандар болып шығады. Бүгінде «ҚазҰУ – қазақ элитасының ұстаханасы» саналады. Бұл теңеудің бекер айтылмағанына қазіргі қазақ элитасына қарап көз жеткізуге болады. Мемлекетіміздің барлық саласының өсіп-өркендеуінде ҚазҰУ түлектерінің қолтаңбасы бар.

Бір ғасырға жуық тарихы бар, әлемге әйгілі ойшыл, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, музыка зерттеушісі және әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың атын иеленген университетте оқу мен үшін үлкен мақтаныш.

Көрікті қалашық, көз тартар ғимарат, қалашықтың қақ ортасында орналасқан әл-Фараби кітапханасы. Онда қазіргі заман талабына сай цифрлы жүйемен қызмет көрсетіледі. Кітапханада миллионнан астам кітап қоры жинақталған. Тағы бір ерекше атарлығы, кітапхана ішінде тек кітаптар қоры емес, компьютер клубы мен шағын мұражайлар да орналасқан.

Ұстаздарымыз өз ісінің нағыз мамандары. Олардың еңбегін ақтау әрбір студенттің міндеті. Университетте білім-білігінді жетілдіруге арналған әртүрлі іс шаралар мен ғылыми-практикалық конференциялар жиі ұйымдастырылады. Мұндай шаралардың бізге берері мол.

Халықаралық QS агенттігінің мәліметі бойынша әлемдегі үздік ЖОО-лар рейтингінде ҚазҰУ 220 орынға ие. Осындай көшбасшы университетте білім алу біз үшін мақтаныш.

**Бағжан БАҚТЫҒАЛИҰЛЫ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**Заң факультетінің 1 курс студенті.**
**Динара ТУРСЫНКУЛОВА,**
**ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент**

БІЛГЕН ЖӨН

# СОТ САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ

**Сараптама – бұл шешілуі үшін маңызы бар сұрақтарға жауап іздейтін білімді адамның қандай да бір тақырыпты, құжатты, мән-жайларды зерттеу процесі.**

Сараптамалар жүргізілетін жағдайлар көп және біз онымен үнемі бетпе-бет келеміз. Мысалы, денсаулықтың бұзылу себептерін анықтау, мұндай бұзылулардың себептерін анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар алу үшін білімді, арнайы дайындалған адамға сараптамадан өту маңызды. Қойылған сұраққа жауап беру үшін дәрігер сараптама жүргізеді – құжаттарды зерттейді, зертханалық және аспаптық зерттеулердің деректерін талдайды және өз үкімін шығарады (қорытынды береді).

Сот сараптамасы дегеніміз – ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу. Сот сараптамасы мынадай принциптерге: заңдылыққа; сот сарапшысының іс жүргізу тәуелсіздігіне; сот сараптамасы органдарының тәуелсіздігіне; зерттеулерді жүргізу құралдары мен әдістерінің ғылыми негізділігіне; құзыреттілікке, жан-жақтылыққа, толықтыққа және объективтілікке; кәсіби этиканы сақтауға негізделеді. Тергеу практикасында өткізілетін сараптама олардың мәні, объектісі, зерттеу тәсілі және т.б. бойынша сәйкестендіріледі. Сараптама – криминалистік, медициналық, соттық-психиатриялық, биологиялық, каржылық-экономикалық инженерлік-көліктік, инженерлік-техникалық, құрылыстық-техникалық және т.б. болып бөлінеді.

Сот сараптамасы қылмыстық сот ісін жүргізудегі арнаулы білімдерді пайдаланудың ең білікті нысаны. Ол іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында және оның сот қарауында барлық ғылыми таным құралдарының арсеналын пайдалануға мүмкіндік бере отырып, сот пен алдын ала тергеу органдарының танымдық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Сараптаманың негізгі сипаттарын анықтай отырып, сараптама арнаулы ғылыми білімдерді тартуды қажет ететін қылмыстық істі тергеу немесе сот қарауы барысында туындайтын проблемалық танымдық ситуацияны жеңу нысаны болып табылатындығын білу керек. Әдебиеттерде сот сараптамасы тақырыбын анықтаудың түрлі жолдары бар. Әр автор сараптаманың тақырыбын анықтауға жататын мән-жайлар, сарапшылық міндеттер, сараптама объектілері ретінде анықтайды. В. Арсеньев сот сараптамасының тақырыбына мынадай анықтама береді: «сот сараптамасының тақырыбы тараптар объектісінің қатысы (негізгі және қосалқы), іс үшін мәні бар және тиісті білім саласы аясына кіретін сұрақтарды шешу мақсатында сараптаманың осы саласымен зерттеледі және оның құралдарымен (әдістерімен, әдістемелерімен) анықталады». Осы анықтаманың мәні оның философиялық мағынадағы таным затын дұрыс түсінуге негізделгенінде болады. Егер оған дейін барлық анықтамалар таным процесінің бір жағын ғана қамтыса, В.Арсеньевтің анықтамасы сараптама тақырыбының толық үш жақты «формуласын» – танымның субъектісін, міндеттерімен әдістерін көрсетеді. Алайда, көбіне практикада, сарапшылық зерттеу негізінде анықталатын, оны шешу үшін мәні бар нақты деректер ретінде (іс мән-жайлар) сараптама тақырыбының ықшамдалған анықтамасы жиі пайдаланылады.

Қылмыстық іс бойынша тағайындалатын нақты сараптаманың тақырыбы сарапшының алдына қойылған сұрақтардың ауқымымен анықталады. Ол сараптаманы тағайындау кезінде қажетті ғылыми құзыреттілікке сәйкес сарапшының таңдауымен негізделеді. Сарапшылық білім саласының сипаттамасы ретіндегі сот сараптамасы тақырыбының ұғымы тиісті сарапшылық міндеттерді анықтау мен жіктеу үшін негіз болып табылады.

Сарапшылық міндет – сарапшының алдына қойылған сұрақтағы тапсырманы сарапшының қабылдауы. Гносеологиялық тұрғыдан қарағанда ол оның түпкі мақсаты (ізделінетін факт) мен оған жетудің шарттарын, яғни сараптаманы тағайындау кезінде сарапшыға ұсынылған алғашқы мәлметтерді сипаттайды. Сараптаманың міндеттері ұғымы сарапшыға қойылған сұрақ ұғымына ұқсас. Белгілі мағынада міндет ол белгілі бір үлгідегі сұрақтардың мағынасын ғылыми қорытындымен түсіндіру деген сөз.

Заң мазмұнынан шықсақ, сараптаманың объектілері қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген ақпараттық заттандырылған көздері – қылмыстық іс материалдары болып табылады. Әдебиеттерде сот сараптамасының объектілері, көбіне сарапшылық зерттеуді қажет ететін іс мән-жайының материалдық жеткізгіштері ретінде, я болмаса, арнаулы білімдерді пайдалану арқылы алынатын фактілер мен уақиғалар, фактілер деректердің көздері туралы ақпараттың жеткізгіштері ретінді белгіленеді.

Сарапшылық зерттеуге тек нақты заттар ғана емес, егер олар жөнінде ақпарат заттандырылған көрініс тапса, онда, сонымен бірге әр түрлі процестер (оқиғалар, құбылыстар, әрекеттер) жатқызылуы мүмкін. Сараптама объектісінің жалпы ұғымымен бірге заттық, нақты және тікелей объектілер ұғымы деп ажыратылады.

Заттық объект – сараптаманың белгілі бір класс, тегі, түрі аясында зерттелетін қасиеттердің ортақтығымен бірлескен ақпараттың материалдық жеткізгіштерінің жиынтығы. Заттық объекті ұғымы сараптамалардың жеке кластарын, тектерін, түрлерін ажыратқан кезде елеулі рөл атқарады.

Сараптаманың нақты объектісі нақты сарапшылық зерттеудің өзіндік ерекшелігін көрсететін дара және қайталанбас объекті деп аталады.

Зерттеудің тікелей объектісі, ол ақпараттың сол бір материалдық жеткізгіші сараптамалардың әр түрлерінің объектілері болуы мүмкіндігімен ерекшеленеді. Сондықтан да, объектінің зерттеуге ұшырайтын сол жақтарын, қасиеттерін анықтаған орынды болмақ. Мысалы, нақты құжатты зерттеу кезінде тікелей объектілер ретінде құжаттағы қолжазбаны орындаған жазу (сот жазу тану сараптамасының объектісі) және мөр бедері (құжаттардың сот-техникалық сараптамасы) болуы мүмкін.

Объектілер іс жүргізу нысандары бойынша диференциаланады. Осы белгілер бойынша олар былай бөлінеді: заттай дәлелдемелер, құжаттар, көзі тірі адамдар (бұл жағдайда адамның денесімен қатар, психикалық, психологиялық, физиологиялық және басқа да процестері зерттелуі мүмкін); сарапшылық зерттеу үшін үлгілер; қылмыстық іс материалдарында көрінген сараптама затына жататын мәліметтер; белгілі бір іс жүргізу мәртебесі жоқ объектілер (яғни қылмыстық істе заттай дәлелдемелер ретінде немесе моральдық – этникалық түсініктер (мәйіттер) бойынша, я болмаса, оларға заттай дәлелдемелер режимін (ғимараттар, үй-жайлар) қолданудың нақты мүмкін еместігі бойынша. Сарапшы оның қарамағына ұсынылатын материалдарды зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды беретіндіктен, қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде сарапшылық зерттеу мен сарапшы қорытындысының сапасы, көбінде, сараптама тағайындаған органның объектілермен болатын іс-әрекет ережелерін дәл және ұқыпты орындаумен анықталады. Тиісті талаптар заңда баяндалған. Атап айтқанда, процесті жүргізу аталған орган сарапшылық зерттеу объектілерінің сенімділігі мен оларға жол берілетіндігіне кепілдік береді. Сарапшылық зерттеуге арналған іс материалдарының сенімділік кепілі, сондай-ақ оларды зақымдауды немесе олардың қасиеттерін өзгертуді болдырмауды қамтамасыз ету үшін сарапшылық зерттеу объектілері, егер олардың көлемі мен қасиеттері мүмкіндік берсе, сарапшыға буып-түйілген және мөрмен бекітілген күйде беріледі. Басқа жағдайларда сараптаманы тағайындаған адам сарапшыны зерттеу объектілері орналасқан жерге жеткізуді, оларға бөгетсіз қол жеткізу және зерттеу жүргізу үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуге тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстанның сот-сараптама жүйесінің мемлекеттік секторын Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы ұсынады, онда ірі қалалар мен барлық облыс орталықтарында орналасқан 19 Сот сараптамасы институты жұмыс істейді, оларда 2800-ге жуық қызметкер, оның ішінде 1000-нан астам жоғары білікті сот сарапшылары жұмыс істейді.

**Дариға БАЙЖҰМАН,**
**Түркістан облысы бойынша**
**Сот сараптамалары институтының**
**биолог-сарапшысы (тағылымдамашы).**

№98 (3526)
9 желтоқсан 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

**Жұлдыз СҮЛЕЙМЕН,** *Парламент Мәжілісінің депутаты:*

# «БІЛІМ САЛАСЫ СЫНАҚ АЛАҢЫНА АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК»

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Үлгергенімше жауап та беріп жатырмын. Тоқетерін айтқанда, біз қазір халыққа барынша ашықпыз.

Жалпы біз, Парламентке халықтың саясатқа көңілі суып, сенімі жоғалған кезде келдік қой. Бізге оңай болған жоқ. Өйткені, өзіміз де кеше халықтың бел ортасынан шықтық. Алайда, Парламенттің табалдырығын аттағаннан бастап, биліктің өкілі ретінде бізге де қатты сын, өткір пікірлер айтылатын болды. Өзім де күні кеше сол қалың қауымның арасында болғандықтан, мен оның бәрін қабылдаймын. Айтылып жатқан наразылықтар орынды. Біз оларды тыңдау үшін келдік. Бірақ біздің халқымыздың басынан бұдан да қиын кезеңдер өткен. Тарихты қарайтын болсақ, оның мысалы жеткілікті. Сондықтан құдайдың берген осы мүмкіндігін пайдалана отырып, халыққа қызмет ете алсақ, одан өзге арман да, мақсат та жоқ.

***– Дегенмен, кейбір әріптестеріңіз әлі де жабық секілді. Мемлекет басшысы талап еткен «ештитін үкімет» қағаз жүзінде қалғандай...***

– Мұны жоққа шығара алмаймын. Үкіметтік органдар, әкімшіліктердегі лауазым иелері қарпайым халық тұрмақ, депутаттық мандат иеленіп отырған бізді де жүре тыңдайды. Мұны мен өз тәжірибемнен білемін. Біз депутат болып, 2021 жылы қаңтар айында келдік. Енді қызметке кірісіп жатқан алғашқы уақытта фейсбук арқылы Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Ағыбет ауылындағы Есіркеп батыр атындағы мектепке күрделі жөндеу қажет деген хат алдым. Біз бұл мәселеге тікелей араласа алмаймыз. Жергілікті жердегі мектептер атқарушы билікке қатысты. Соған қарамастан мен осы хаттың ізімен Аманат партиясы арқылы осы өңірге бардым. Сол кезде сізге өтірік, маған шын, маған Түркістан облысының әкімдігінен ешкім ерген жоқ. Негізінде бізбен бірге барып, халықтың талап-тілегін тыңдаса болар еді. Бізге тек білім саласының жауапты маманын қосты. Оның басшылыққа қатысы жоқ және құрылысқа да жауап бермейді. Мен осы сапарда тек аталмыш мектепті ғана емес, Сарыағаш пен барлық шекаралас жатқан елді мекендердегі білім беру ұйымдарын араламақшы болдым. Өзге тілде білім беретін мектептердегі қазақ тілді оқытудың барысын да білгім келді. Сөйтіп, қай мектепке жөндеу қажет, қайсысы апатты жағдайда екенін анықтап, олардың тізімін жасадық. Күзде бюджетті нақтылау кезінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында бір топ депутат құлайын деп тұрған 20 мектеп үшін қайтадан қаржы бөлгіздік. Қаржы министрінен талап етіп, пікірталасқа түскен кезде әкімдіктен бізді ешкім қолдамады. Биыл сол мектептерге күрделі жөндеу жүргізілгенін өз көзіммен көріп келдім. Бірақ осы сапар барысында да әкімдіктегілер мектептердің жайын білуді қажет етпеді. Неге екенін қайдам, мемлекеттік органдар, әкімдіктер халықтың талап-тілегіне жабық. Сондықтан халықтың оларға деген реніші орынды деп ойлаймын.

Өзіңіз көріп жатырсыз, қаңтар оқиғасынан кейін Мәжілістің есігі халыққа айқара ашылды. Мен басқа органдар үшін жауап бере алмаймын. Бірақ біз қай жерде қандай оқыс оқиға орын алады, сол жерге бірден барамыз. Өйткені, халықтың өкілі ретінде орын алған жағдайды көзімізбен көріп, үкіметтің алдында мәселе көтерген кезде қағаз жүзінде немесе әкімдік берген есеп емес, өзіміз көзбен көріп, жүрегімізден өткізген жағдайды айтқымыз келеді. Осы тенденция жалғаса беретін болса, мажориторлық жүйемен сайланатын депутаттар да халыққа жақын болады. Яғни, менің ойымша демократия деп айту үшін емес, жалпы халықтың жағдайын талап-тілегін естіп, орындау тұрғысында сең қозғалды. Және бұл халқымыз үшін оң нәтиже беретін үрдіс.

***– Әкімдіктерді, мемлекеттік орган қызметкерлерін сынап отырсыз гой. Олардың осындай ұстанымдары нені білдіреді? Бұл біліксіздік пе, халыққа жанашырлықтың төмендігі ме немесе азаматтық ұстанымының әлсіздігі ме? Өзіңіз ұстазсыз. «Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» дейді. Әкімдіктегілердің осылай өз міндетіне адал болмауында мектептегі тәрбиенің әсері бар деп ойламайсыз ба?***

– Бұл ойыңызбен келісуге болады. Бізге жалпы білімнің мазмұнына қатысты терең ойланып, тың шешімдер қабылдау қажет. Себебі, осы елге жанашырлығымызды, осы елдің иесі де, киесі де өзіміз екендігін, жердің де, тәуелсіздігіміздің де тек қазақ үшін басты құндылық екенін біз толық ұғындырмай жатқан сияқтымыз. Көпке топырақ шашқым келмейді. Дегенмен, білім мазмұнын бір қарауымыз қажет. Қазақстан тарихынан сабақ берген кезде қазіргі Қазақстанның тарихы жаңадан жазылып жатқан еді. Мысалы әскери бекіністер қалай салынды? Петр бірінші кезінде олар да Ұлыбритания секілді басқыншылық жасағысы келгені жайлы деректер ашылып, жоғары сыныптардың оқулығына енгізілді. Бұл деректердің маңызын ашып, оқыту мұғалімдердің ізденісіне байланысты. Сол секілді Жоңғар шапқыншылығы кезінде түрлі жағдайлар болған. Мен өзім де оқып таңғалдым. Мысалы «жоңғарлар қаптап келе жатыр» деген кезде Күлтөбенің басына жиналған үш жүздің бай-бағландары әртүрлі ұсыныс айтқан екен. Оларды күтіп алайық, келісімге келейік, ұлына қызымызды беріп, ұлымызға қызын әперіп құда болайық деген әңгімелер де айтылған. Сол кезде Қабанбай батыр қасқайып тұрып: «мен қасық қаным қалғанша күресемін, ұлымды құл, қызымды күң қылмаймын, ергісі келгендер келсін, ергісі келмегендер қалсын» деген екен. Осы оқиға желісі бойынша сценарий жазып, балалардың драма үйірмесінде өздеріне қойылым қойдырдым. Сол кездегі балалардың бастан кешкен сезімін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Менің ойымша, балаларға білім бергенде біз осындай әдістерді қолдануымыз керек. Қазақстан тарихын оқытудың әдістемесін аумақтық тұтастық, патриоттық сезім, елдік мүдде тұрғысынан қайта қарастыру керек. Қазақстанның экономикасына, география пәніне де көп басымдық берілуі тиіс. Сонда жерінің аумағы жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрған еліміздің өндіріс орындары қай жерде, болашақтағы экономикамыздың негізі болатын қазба байлықтар қайдан шығуы мүмкін деген мағлұматтарды оқушылар зерделейтін болады.

***– Оқулықтар мазмұны жайлы сөз қозғағанда тілді айналып өту мүмкін емес. Осы тұрғыда да мәселе бар сияқты...***

– Иә, дұрыс айтасыз. Кезінде тілдік нормаларды талдайтынбыз. Мысалы, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында қазақтың тілдік нормаларына бағынбайтын сөйлемдер көп. Сол секілді он ғасыр сөйлеген жыраулық тіліміз бар. Бұл түркі және Алтай тілдерінің кәдімгі бүгінгі уақытқа жеткен жұрнағы. Біз мектепте осы дүниелердегі тілдік нормаларды талдап, сол арқылы қазақтың тілінің құнарын игердік, ұлттық ділді санамызға сіңірдік. Мысалы, мұғалім «Абай жолынан» бір сөйлемді жазып, соны бүкіл сынып болып талдайтынбыз. Соның арқасында «Абай жолын» оқыдық па, оның мазмұнын білеміз бе, бәрі белгілі болатын. Біздің ұстаздардың әдістемесі осындай болды. Ал, қазір тілдік норма, грамматикалық талдаулар алынып тасталды. Айталық қазақ әдебиетінде «Менің Аралым» деген Қадыр Мырзалиевтің өлеңіне бес жүз сөзден тұратын эссе жазып, онда экологиялық мәселе қамтылу қажет деген тапсырма беріледі. Алтыншы сынып оқушысы экологиялық мәселені қазақ тілі пәнінсіз де әлеуметтік желілер, сайттар арқылы игеріп алады. Бірақ біз он ғасыр жырлаған қазақ тілінің құнарын еш жерден меңгермейміз. Сондықтан оқулықтарға «Менің Аралым» сияқты өлеңдер емес, Ақтанберді секілді әр сөзі тарихтан, тілден, ділден шежіре айтқан жыраулардың шығармасы енуі керек. Менің ойымша, білімнің үлкен стратегиялық мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтау, халықтың қазақ ұлтының келесі ұрпағы ретінде сезінуіне мүмкіндік беру болу керек. Ал, химияны, физиканы қазіргі ақпарат тасқынында, жаһандану заманында өмір сүргендіктен меңгеру оңай. Бізді ұлт ретінде сақтайтын дүниелер тілімізде, әдебиетімізде, тарихымызда. Сол секілді дүниежүзі тарихын Қазақстанның қазіргі геосаяси жағдайы тұрғысынан көрсететін негізде оқыту қажет деген ойдамын. Осы пәндерді оқытқан кезде ұлтжандылық, отансүйгіштік тұрғыдан нақты бағытымыз болуы тиіс. Жалпы білім саласын сынақ алаңына айналдырмау керек.

***– Оқулықтың мазмұны жайлы жақсы айттыңыз. Бірақ осы оқулықтың жазылуына қатысты авторлар дұрыс іріктелмей ме, әлде басқа себептер бар ма, әйтеуір олардың сапасы төңірегінде үнемі шу болып жатады. Осы мәселені қалай реттеу керек деп ойлайсыз?***

– Бұл тұрғыда концептуалды екі мәселе бар. Бірінші мәселе, бағдарламалардағы мазмұнның 2015 жылы қабылданған стандартқа келіп тірелетіндігі. Естеріңізге сала кетейін, 2015 жылы бекітілген стандарттан кейін қазақ тілінен грамматикалық норма алынып тасталды. Оны кезінде жұртшылық көп сынады. Екінші мәселе, оқулықты жазатын авторларға қатысты. Олар бізге бұл жұмысқа уақыттың аз бөлінетінін, яғни екі ай ғана берілетінін, оқулықты негізгі міндеттерін атқара жүріп жазатынын айтады. Мұндайда, әрине, сапаның ақсауы заңдылық. Сондықтан талап бойынша оқулық жазатын мамандардың авторлық бағдарламаларының болуы, тиімді әдістемесі бойынша іріктеп алғаннан кейін оларға алты айдан он айға дейін ақысы төленетін демалыс берілуі керек. Израиль мемлекетінде оқулық жазатын авторларға осындай жағдай жасалған. Сонда ғана оқулық дұрыс жазылады. Бірақ былтыр тиісті заңға жақсы норма енгізілді. Сол бойынша тек базалық оқулықтар ғана емес, балама оқулықтар да оқыту үдерісінде қолданылатын болады. Сондықтан бұл да уақыт өте келе бір жүйеге келеді деген ойдамыз.

Үлкен мәселе – мазмұнға қайта қарауға байланысты. Ыбырай Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы бұл бағытта жұмыс бастады. Мен ғалымдарға, осы ұжымға үміт артамын. Жалпы, «Қазбілім» секілді инновациялық білім ұйымдарының жұмысын зерделеу барысында байқағаным, олардың бәрінде бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін барлық пәннен дайындаған оқулықтары және осы оқулықтардың оқу-әдістемелік кешендері бар. Соның бәрін жинап алып қарап, оқулық дайындау барысында пайдалану керек. Бұл алты айдың, әрі кетсе бір жылдың жұмысы деп ойлаймын. Бірақ ол жариялы түрде жүзеге асып, қоғамдық бақылаудың назарында болғаны жөн. Асқар Жұмаділдаев секілді әр саланың мықты академиктерін жинап, ашық талқылауға шақырса бұл да шешілетін мәселе. Математикадан бізде Қытайдан, Моңғолиядан келген білікті мұғалімдер бар. Қытайдың жаратылыстану пәндерінің мазмұны мықты ғой. Қытай тілі қанша қиын болса да қалай үйретіліп жатыр, осы әдістемені игерейік. Оларға қаржы берейік. Қаншама қаржы талан-таражға түсіп кетті. Жиырма бірінші ғасырға келдік, енді осы ғасыр алға қойып отырған мәселелерді шешуіміз керек. Өзімізді ұлт ретінде сақтап қалуда оқулық сапасының маңызы зор. Сондықтан алыс, жақын елдің тәжірибесінен үйреніп, мамандардың әлеуетін толыққанды пайдалана отырып, осы жұмысты жолға қоюымыз керек.

***– Оқулықтың мазмұнын ашып, оқушының санасына жеткізетін мұғалімге де айтылар сын аз емес. Өкінішке қарай, бізде мұғалімнің мәртебесі төмендегені сондай, бұл мамандық кім көрінгеннің күнкөріс көзіне айналғандай. Азар болса мұғалім бола саларсың деген ұғым бар. Басқа мамандықтан жолы болмағандар педагогикалық оқу орнын жағалайтын үрдіс қалыптасты...***

– Иә, сондай бір кезең болды. Жоғары оқу орнына 50 балмен түсіп жатты. Оны былтыр уақытында Білім министрі болған, қазіргі сенатор Бақытжан Тұрсынұлы айтқан болатын. 2019 жылы Парламент қабырғасында 10 жыл жатқан «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданды. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси ерік-жігерімен жүзеге асқан еді. Осыдан кейін педоагогтың апталық жүктемесі азайды. Одан соң мұғалім аттестациядан өту арқылы өзінің педагогикалық шеберлігін дәлелдесе, оған тағы қосымша ақы төленетін болды. Қазір аттестациядан өтіп, ең жоғары категорияны иемденген мұғалім 720 мың теңге айлық алады. Мұғалімдердің жалақысы 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейін 70 пайызға көтерілді. Енді тағы 25 пайызға өспек. Қазіргі өзекті мәселе – білімнің сапасын көтеру. Мен де ата-ана ретінде оны көріп отырмын. Балам мүлде сабақты түсінбей келеді. Меніңше, қазіргі мұғалімдердің кейбірі сіз айтып отырған кезде оқуға түсіп кеткендер болса керек.

Енді қазір оқуға түсетін шектік балл 70 болды. Бүгінде педагогикалық оқу орындарының стипендиясы бәрінен жоғары – 58 мың теңге болып бекітілді. Меніңше, осының бәрі өз жемісін беріп, екі-үш жылда мектептерге білікті мамандар келеді. Мұның сыртында былтырдан бастап біліксіз мұғалімдердің мектепке келуіне тойтарыс беру үшін мамандарды квалификациялық тест тапсыру арқылы іріктеу тәжірибеге енгізілді. Бұл сынақтан көптеген жас маман өтпей қалды. Басында «неге университеттерде сапасыз маман дайындалады, тест оқу орындарының өзінде өткізілсін» деген талап болған. Алайда, олардың тарапынан өздеріне сөз келмеу үшін нақты жағдайды жасырып, жабу орын алуы мүмкін болғандықтан сынақ дербес өткізілетін болды. Қазіргі таңда квалификациялық тест оқу орындарының маман дайындау деңгейінің негізгі индикаторына айналды. Осыған орай бұл мәселеде алға жылжу болады деп үміттенемін.

***– Мұғалімдерді кім дайындайды деген де сұрақтың туындауы заңды секілді. Шыны керек, педагогикалық оқу орындарындағы оқытушы-профессорлық құрамның деңгейі заман талабына сай келе бермейді гой.***

– Иә, оқу орындарының бағдарламасына мән беру керек. Өйткені, мектептегі бағдарлама дамып кетті. Жоғары оқу орны консервативті орта ғой. Олар заман ағымынан қалып қойды. Сондықтан педагогикалық оқу орындарының да бағдарламасын қайта қарап, мазмұнын жаңғыртып, уақыт талабына сай ширату міндеті тұр. Екінші – университеттің ғалымдары жалақымыз аз, әлеуметтік кепілдік толық емес дегенді айтып жүр. Жаңадан құрылған Ғылым және жоғары білім министрлігі университеттердің білім сапасы, оқытушы-профессорлардың кәсіби деңгейін көтеретін нақты шаралар қабылдап, жүзеге асыру керек.

***– Жалпы, мұғалімнің мәртебесі толық көтерілді деп айта аласыз ба?***

– Бүгінде басқа салаға кеткен мұғалімдердің мектепке қайтып келе жатқанын көріп отырмыз. Қазіргі еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандықтың бірі осы – педагогтар. Бұл белгілі деңгейде мұғалімдік мамандыққа көзқарастың жақсарғанын көрсетеді. Десе де, педагог еңбегіне қатысты шешімін күткен мәселелер әлі бар. Жалпы мұғалімдік қызмет эмоционалдық шығынды қажет етеді. Оларда күш-қуатты жоғалту көп болады. Өйткені, балаға энергияны көп береді. Аптасына 16 сағат сабақ жүргізу үлкен денсаулықты қажет етеді. Сондықтан Израильде еңбек өтілі 11 жылға жеткеннен кейін мұғалімге бір жылдай немесе алты айдай ақылы демалыс беріледі. Осы уақыт аралығында мұғалім өзінің денсаулығын ретке келтіреді, әдістемелік құралдарын жазады, біліктілігін арттырады. Меніңше бізге де осы тәжірибені енгізсе, білім беру сапасы алға жылжыр еді.

***– Тәуелсіздігімізге отыз жылдан асса да мемлекеттік тілді төрге шығара алмай келеміз. Мұнда мұғалімдердің де кінәсі бар дегенді естіп қаламыз. Қаншама филолог, лингвистеріміз бола тұра қандастарымызды қазақша сөйлете алмай келе жатқанымыз қалай?***

– Мұғалімдерді кінәлаудан аулақпын. Олар қолынан келгенін жасап жатыр. Бәрі стандарт негізінде жазылған оқулықпен жұмыс істейді. Одан басқаға уақыты жоқ. 2015 жылғы стандартта сөйлеп кету тумысынан берілетін қабілет, сондықтан грамматиканы оқытудың қажеті жоқ деп, тілдік норманы оқытудан бас тартылды. Меніңше, осы қате болды. Мен мұны мүмкіндігінше айтып жүрмін. Өйткені, тіл бізге керек. Ал, грамматика – дұрыс сөйлеудің негізі. 2015 жылы стандартты қабылдауға атсалысқан азаматтар өз жауабын алу керек деп ойлаймын. Біз қылышынан қан тамған кеңестік одақ кезінде тілдік нормаларды сақтадық, тәуелсіздік кезіне шетелдерге еліктеп олардан бас тарттық. Қазақ тілін ағылшын тілімен салыстыруға келмейді. Өйткені, ол мануфактураның тілі. Ал, біз үлкен өркениеттің түркі, оған дейінгі сақ, ғұн тілінің жалғасымыз. Менің ойымша мұны біз қайтаруымыз қажет. Қазақ тілін өзге ұлттар оқығысы келетіндей әдістеме дайындау керек. Осы ретте ағылшын тілін үйретудің әдістемесін қолданған дұрыс болады. Ресми кеңсе тіліндегі бір әдістеме дайындауымыз керек. Сонымен қатар, қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне назар аударылу керек. Бұл ретте жоғары оқу орындарында сөйлеу мәдениеті деген жаңа пән енгізілсе құба-құп. Өйткені, әдемі сөйлеудің, баяндаманың қандай болу керектігі жайлы түсінік болу керек. Кез келген мәселенің білім арқылы шешілгені дұрыс қой. Сондықтан жоғары оқу орындарында таңдау курсы деңгейінде болса да сөйлеу мәдениеті оқытылуы керек.

Мемлекеттің тілдің мәртебесін көтеру үшін бір топ депутаттар кітапхана қызметінің мазмұны мен кітапханашылардың мәртебесін көтеру туралы заң жобасына бастамашылық етіп жатырмыз. Қазақ тілінде сөйлеу керек деп құр талап қоюмен тілдің мәртебесін көтеру қиын. Бұл жерде тиімді тетіктерді іске қосу керек. Соның бірі тетігі – кітапхана қорын толтыру, кітап нарығын реттеу. Қазақ авторларына субсидия бөлуіміз қажет. Кітап тапсырыстары жас ерекшелігі, қызығушылық негізінде қалыптасуы керек. Жалпы қазақ тіліне сұраныс бар. Мұны өзімнің әлеуметтік желідегі парақшаларым арқылы көріп отырмын. Контент қазақ тілінде жасалатын тик-токтағы парақшама бір күнде 550 мың тіркелді. Демек, барлығы біздің ұсынатын дүниеміздің сапасына, өзектілігіне байланысты. Идеологиялық тұрғыдан бұл мәселе үнемі назарда тұру керек.

***– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға рақмет.***

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

## ХАБАРЛАМА!

Арал ауданы аумағындағы ауыл шаурашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Арал ауданы, Арал қаласы, М.Махатаев №2 б мекенжайында орналасқан «Арал аудандық жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 9 қаңтар сағат 9:00-ден бастап 2023 жылдың 27 қаңтар сағат 19:00- ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Арал ауданы, Арал қаласы, Астана көшесі №33 мекенжайдағы Арал ауданы әкімдігі ғимаратында 30 қаңтар күні сағат 11:00-ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8(72433) 2-15-43, 2-47-47

**«Арал аудандық жер қатынастары бөлімі»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

| № | Жер учаскесінің орналасқан орыны | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер учаскесінің көлемі, (гектар) | Алқаптардың құрамы | Топырақтың сипаттамасы | Жер пайдалану құқығы | Бонитет балы | Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі | Өңірдің ауылшаруашылығы мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Арал ауданы, Сазды ауылдық округі, «Симанның құмы» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 500 | Жайылымдық-377, басқа алқаптар -123 | Құмды топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 2 | Арал ауданы, Сазды ауылдық округі, «Ешмағамбет» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 100 | Жайылымдық-75, басқа алқаптар-25 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 3 | Арал ауданы, Сазды ауылдық округі, «Жігер» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 333 | Жайылымдық-251, басқа алқаптар-82 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл 1мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 4 | Арал ауданы, Сазды ауылдық округі, «Шұбартөбе» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 500 | Жайылымдық-377, басқа алқаптар-123 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 5 | Арал ауданы, Сазды ауылдық округі, «Дәулетжаға» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 200 | Жайылымдық-151, басқа алқаптар-49 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 6 | Арал ауданы, Сазды ауылдық округі, «Теміршын» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 300 | Жайылымдық-226, басқа алқаптар-74 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 7 | Арал ауданы, Жіңішкеқұм ауылдық округі, «Ақи» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 600 | Жайылымдық- 452, басқа алқаптар-148 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 8 | Арал ауданы, Жіңішкеқұм ауылдық округі, «Жұбат» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 600 | Жайылымдық-452, басқа алқаптар-148 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 9 | Арал ауданы, Жіңішкеқұм ауылдық округі, «Арғымақ» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 600 | Жайылымдық-452, басқа алқаптар-148 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 10 | Арал ауданы, Ақирек ауылдық округі, «Қарақуыс» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 38 | Егістік-29 басқа алқаптар-9 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 4 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 11 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Үңгірой» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 131 | Жайылымдық-99, басқа алқаптар-32 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 12 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Үшағаш» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 415 | Жайылымдық-313, басқа алқаптар-102 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 13 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі , «Тереңқұдық» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 1000 | Жайылымдық-754, басқа алқаптар-246 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 14 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Ұзақбай» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 698 | Жайылымдық-526, басқа алқаптар-172 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 15 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Катлован» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 590 | Жайылымдық-445, басқа алқаптар-145 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 16 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Рысмамбет жаға» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 490 | Жайылымдық-369, басқа алқаптар-121 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 17 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Ызбан» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 698 | Жайылымдық-526, басқа алқаптар-172 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 18 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Дерім» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 1518 | Жайылымдық-1145, басқа 373 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 19 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Естенқұл» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 500 | Жайылымдық-377, басқа алқаптар-123 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 20 | Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, «Бекі» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 296 | Жайылымдық-223, басқа алқаптар-73 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 21 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Жаңаарық» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 260 | Жайылымдық- 196, басқа алқаптар-64 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 22 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Қарабалабаз» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 322 | Жайылымдық-243, басқа алқаптар -79 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 23 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Шабан» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 700 | Жайылымдық-528, алқаптар-172 | Сұр-қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 24 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Құлөлген» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 600 | Жайылымдық-452, басқа алқаптар-148 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 25 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Жаманқұм» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 300 | Жайылымдық-226, басқа алқаптар-74 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 26 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Күрекбай» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 280 | Жайылымдық-211, басқа алқаптар-69 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 27 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Таңсықбай» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 124 | Жайылымдық-93, басқа алқаптар-31 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 28 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Тұрсын» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 90 | Жайылымдық-68, басқа алқаптар-22 | Сұр-қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 10 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 29 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Қазанқойған» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 500 | Жайылымдық-377, басқа алқаптар-123 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 30 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Хан» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 290 | Жайылымдық-219, басқа алқаптар-71 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 5 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 31 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Хан» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 540 | Егістік-407, басқа алқаптар-133 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 32 | Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, «Аққойсойған» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 100 | Жайылымдық-75, басқа алқаптар-25 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 5 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 33 | Арал ауданы, Бекбауыл ауылдық округі, «Ақжола» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 194 | Жайылымдық-146, басқа алқаптар-48 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 7 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 34 | Арал ауданы, Бекбауыл ауылдық округі, «Байсалбай» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 400 | Жайылымдық-302, басқа алқаптар-98 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 5 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 35 | Арал ауданы, Жақсықылыш кенті, «Ханның құмы» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 1000 | Жайылымдық-754, басқа алқаптар-246 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 36 | Арал ауданы, Жақсықылыш кенті, «Ақша құдығы» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 600 | Жайылымдық-452, басқа алқаптар-148 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 37 | Арал ауданы, Қосжар ауылдық округі, «Майшығыр» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 108 | Жайылымдық-81, басқа алқаптар-27 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 10 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 38 | Арал ауданы, Сапақ ауылдық округі, «Шықыман» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 200 | Жайылымдық-151, басқа алқаптар-49 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 39 | Арал ауданы, Сапақ ауылдық округі, «Төленгіт» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 100 | Жайылымдық-75 басқа алқаптар-25 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 40 | Арал ауданы, Аралқұм ауылдық округі, «Қозықұдық» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 300 | Жайылымдық-226, басқа алқаптар-74 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 1 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 41 | Арал ауданы, Аралқұм ауылдық округі, «Сорқұдық» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 500 | Жайылымдық-377, басқа алқаптар-123 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 42 | Арал ауданы, Аралқұм ауылдық округі, «Қисықшеген» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 700 | Жайылымдық-528, басқа алқаптар-172 | Құмды аймақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 43 | Арал ауданы, Сексеуіл кенті, «Қалпақши» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 2250 | Жайылымдық-1697, басқа алқаптар-553 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 4 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 44 | Арал ауданы, Сексеуіл кенті, «Қарабұлақ» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 812 | Жайылымдық-612, басқа алқаптар-200 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 45 | Арал ауданы, Сексеуіл кенті, «Шошқалы» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 500 | Жайылымдық-377, басқа алқаптар-123 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 3 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |
| 46 | Арал ауданы, Қаратерең ауылдық округі, «Ақбілек» өңірі | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 50 | Егістік-38, басқа алқаптар-12 | Қоңыр топырақ | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 15 (он бес) жыл мерзімге | 2 | жоқ | Мал шаруашылығы үшін |

КӨКЖИЕК

# КӘСІПОРЫНДАР БІЛІКТІ МАМАНДАРҒА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАДЫ

**Біз қазір маңызды өзгерістер кезеңінде, жаңа Қазақстанның құрылысы кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл әрбір қазақстандыққа ерекше жауапкершілік жүктейді. Жұмыс беруші ретінде, «ЛинкМастер Қазақстан» компаниясының директоры ретінде мен Мемлекет басшысының «Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек» деген үндеуін толық қолдаймын.**

Сондықтан кадр саясатына және білікті мамандарға жұмыс орындарын ұсынуға мүдделімін. Осыған байланысты Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі түлектерінің кәсіби дайындығын, «Автоматтандырылған байланыс жүйесін пайдалану», «Радиотехника, электроника және телекоммуникация», «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандықтарын ерекше атап өткім келеді. Бірнеше жыл бойы біз студенттерге өндірістік практика кезінде жаңа технологиялармен, жұмыс орнымен, техникалық құжаттамамен танысуға мүмкіндік бере отырып, осы оқу орнымен ынтымақтаса жұмыс жүргізіп, тәлімгерді бекітеміз және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасаймыз. Тәжірибе барысында өзін көрсеткен студенттерге біз одан әрі жұмысқа орналасуға кепілдік береміз.

Политехникалық колледждің индустриалды кеңесінің мүшесі бола отырып, мен басшылықтың және бүкіл педагогикалық ұжымның еңбекқорлық пен патриотизм сияқты қасиеттерге ие құзыретті мамандарды даярлауға нақты мүдделілігін көріп отырмын. Біз бәріміз болашақтың цифрлық және инновациялық екенін түсінеміз. Дәл осы бәсекеге қабілетті жастар – еліміздің болашағы, ертеңі, Қазақстанның гүлденген болашағына құйған инвестициямыз!

**Андрей ПОЦЕЛУЕВ,**
**«Линк мастер» компаниясының директоры**

САНДЫҚ ФОРМАТ

# ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ҚОЛЖЕТІМДІЛІК КЕПІЛІ

**Жаңа технологияның халыққа ұсынар артықшылығы аз емес. Осы озық үдерістің нәтижесінде отандық сотта көптеген жаңашылдықтар орын алды. Электронды сот ісін дамытудағы негізгі мақсат тұрғындардың сот төрелігіне қолжетімділігін барынша жеңілдетуге бағытталған. Бұл бағытта қолға алынған іс-шаралардың қаншалықты тиімді болғанын байқамау мүмкін емес. Жаңа технология шын мәнінде халыққа жедел, ашық, сапалы қызмет көрсететін құрылымның іргетасын қалады.**

Әсіресе, «Сот кабинеті» сервисі сот саласына ғана емес, барша мемлекеттік қызметтің жұмысына серпін берген жоба екенін айта кеткен жөн. Мәселен, бұрын сотқа арыздану үшін азаматтар ғимаратқа арнайы келетін, кезекке тұрып, құжаттарын өткізетін. Ол үшін өзінің шаруаларын шетке ысырып қоюға, жұмысынан сұрануға мәжбүр болатын. Анықтамасы жетіспесе, құжатын дұрыс рәсімдемесе, сотқа қайта келуге мәжбүр болатын. Ал қазір осының бәрін үйден шықпай, кеңседен ұзамай атқаруға болады. Тек қолында электронды сандық қолтаңба болса болғаны. «Сот кабинеті» сервисінің көмегімен арыз-шағымды сот ғимаратына келмей-ақ, кезекке тұрмай-ақ, артық құжаттар жинамай-ақ жіберуге болады.

Сервис қарапайым азаматтармен бірге, кеңсе мамандарының да жұмысын айтарлықтай жеңілдетті. Бұрын сот процесіне қатысушыларға сот шақыртуын жіберудің өзі уақыт пен қаржыны қажет ететін. Енді жерде хабарламаны SMS және электронды пошта арқылы жіберуге болады. Сот актілерінің банкінде 6,5 млн сот актісі орналастырылған. Базадан адамның аты-жөні, заңның баптары және басқа да көрсеткіштер бойынша сот актілерін оңай табуға болады. Оның бәрі тұрғындар үшін ашық әрі қолжетімді.

Сонымен бірге, қазіргі таңда дыбыс-бейнетіркеу жүйесін қолданып, қағаз құжат айналымын барынша азайту мақсат етіліп отыр. Қылмыстық іс бойынша да электронды сот ісін жүргізу кеңінен қолданылуда. Тараптардың сотқа келмей-ақ процеске қатысу мүмкіндігі артуда. Адамдар үйінде, жұмысында немесе шетелде жүріп-ақ сот процесіне гаджет арқылы қатысуы үшін барлық жағдай жасалған. Қазіргі таңда Қазақстандағы барлық соттар 100 пайыз деңгейде ғаламторға қосылған. Судьялар электронды үлгіде қылмыстық сот төрелігі бойынша да жұмыс істеуге дайын.

**Менболат ҰЛАН,**
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

# ЖАРНАМА

## ӘРТҮРЛІ

3. «Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы Компанияның орталық кеңсесі Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 19 мекенжайында орналасқан ғимаратты күрделі жөндеуден өткізуге байланысты Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Әуезов к-сі, 60 үй, 8-қабат мекенжайындағы «Almaty Residence» бизнес орталығына уақытша көшу туралы хабарлайды.

Мекенжайды өзгерту 2022 жылдың 1 желтоқсанында орындалады, уақытша болып табылады, Компанияның орналасқан жерін ресми өзгертуге және Компания Жарғысына және Компанияның басқа да құжаттарына өзгерістер енгізуге әкеп соқпайды.

Байланыс деректері, телефон нөмірлері және электрондық пошта мекенжайлары өзгеріссіз қалады.

5. Қазақстан Республикасы Төтенше Жағдайлар Министрлігі «Казселденқорғау» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағына сәйкес:

**1. «Құлан кен орнында көмір өндіруге және барлауға лицензия алу үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты Жусандала мемлекеттік қорық аймағы аумағының шекараларын**

2022 жылғы 12 желтоқсан айында жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар басталады.

Жобалық құжаттамамен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында танысуға болады. Бірыңғай экологиялық порталында жобалар орналастырылған күнінен бастап 20 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну үшін қолжетімді болады.

Қосымша ақпаратты .+7 777 231 1368 телефон арқылы алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы;

2. «Qazgold mining» ЖШС, Алматы қ., Байзаков көш., 302 үй, 50 пәтер, тел. +77016404099, email: tokkyliev86@mail.ru

Қоғамдық жоба дайындаушы – «ТЕРРА-ПРИРОДА» ЖШС, Алматы қ., Самал-1, 1 үй, 16 оф., тел. +77772311368, email: ogarnp@mail.ru.

11. «ЭКСПОИНЖИНИРИНГ» ЖШС, БСН 100340017025, шыққан қатысушының үлесіне төлеу арқылы жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Саябақ (Парковая) көшесі, 44 үй. Тел.: 87017810965, prokudinda@gmail.com.

14. Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 16 қарашадағы ұйғарымымен «Caspiy Operating» ЖШС-не (БИН 101140006283) қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

15. «Бірінші Несиелік Компания микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 170640015687, көрсетілетін қызмет беруші – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға 27.04.2021 ж. берген № 02.21.0077.М лицензияның қолданысын тоқтатуға берген ерікті өтініші туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 458/1, 501-кеңсе мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 88000705535.

## ТАРАТУ

2. «Микро-Аксай» ЖШС, БСН 990640002160, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, индекс 050042, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Навои көшесі, 72 үй, 26 пәтер.

6. «Glory Construction» ЖШС, БСН 211040030116, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 43 ғимарат. Тел.: 87013014965.

7. «СК Құрылыс Астана» ЖШС, БСН 181140031447, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 3 үй, н.п. 120. Тел.: 87013014965.

8. «Arena Closer» ЖШС, БСН 210240026519, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Көкшетау қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 86 үй, 81 пәтер. Тел.: 87772285635.

10. «Daria LTD (Дариа ТОО)» ЖШС (БСН 210640019401) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажымұқан көшесі, 59 үй, 110 пәтер.

12. «40 М» ЖШС ұйымы, БСН 210440025419, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Ақбұлақ ықшамауданы, Доспанова көшесі, 39, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Ақбұлақ ықшамауданы, Доспанова көшесі, 39. Тел.: 87006456026.

13. «Ломбард MEGA KZ» ЖШС (БСН 181140016816) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан обл., Отырар ауданы, Отырар ауылдық округі, Арыс ауылы, Нартай Бимұрзаев көшесі, 9 үй.

16. «Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Қазалы аудандық филиалы (БСН 061141023437) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Пірімов көшесі, 5 үй

17. «Қазалы тынысы» ЖШС (БСН 120140020597) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қашақбай Пірімов көшесі, 5 үй.

## МҰРАГЕРЛІК

9. 2022 жылы 30 қыркүйекте қайтыс болған аз. Нургужиев Жаныбай Кураковичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлерге мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

БІЛІМ

# ТҮЛЕГЕН, ТҮРЛЕНГЕН ҚАЗҰУ

**Республикамыздағы барлық жоғары оқу орындарынан атағы озып, абыройы асқақтап тұрған, алдыңғы қатардағы ең ірі білім ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.**

Білім ордасы 1934 жылдың 15 қаңтарда ресми ашылған еді. 1984 жылы «С.М. Киров атындағы Еңбек Орденді Қазақ мемлекеттік университеті» аталған кезінде университетте 11 күндізгі, 6 сырттай және кешкі факультеттер, 94 кафедра, 13 проблемалық және 25 ғылыми-зерттеу лабораториясы, 349 аспирант, 98 сынақ мерзімін өтуші-зерттеуші, 126 ізденуші болды. Сол кезде қара шаңырақта 20 мамандық бойынша 40 мыңнан астам білікті маман даярлап шығарған.

Ал мұның барлығы қазір мүлдем басқаша. Бұл көрсеткіш бірнеше еселеп көбейді. Өйткені ҚазҰУ үлкен даму кезеңінен өткен. Бүгінде университет 16 факультетте мамандықтар бойынша кадрлар даярлайтын жоғары оқу орны және ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Мұнда екі мыңнан астам жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді. ҚазҰУ-де білім беру жүйесі де жаңа бағытта, яғни, «балон үдерісіне» көшкен. Студенттерді барлық жағдаймен қамтамасыз етуді басты назарда ұстаған басшылар «ҚазҰУ қалашығын» бөлек бір қала іспетті жасауда. Мұнда тек университет қана орналасқан жоқ, «Интернет орталығы», «Тамақтандыру комбинаты», «Спорт зал және үлкен көлемдегі алаң», студенттерге арналған «Керемет» деп аталатын медициналық-әкімшілік орталық, «Әл-Фараби кітапханасы», «Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы», жатақханалар және әр факультетке арналған ғимараттар мен әсем ректорат орналасқан. Жастардың арманына қанат бітірген оқу ордасы әлі талай биіктерді бағындырары талассыз.

**Жұлдыз КАХАРОВА,**
**Экономика және бизнес жоғары мектебі,**
**Бизнес технологиялар кафедрасының студенті**

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.**

**ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ЖК «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

# ІЗ КЕСУШІ

Түнгі сағат үш. Ай сәулесі әлсіз ғана білінеді. Даланы мүлгіген тыныштық басқан. Бәрі ұйқыда жатқанда тек Жандос ояу. Жанын мазалаған бір жайт бар. Тыным таппай бір орынды айнала берді. «Ұрының арты – қуыс» демекші, өзі жасаған қылмысын барынша жасырумен әлек. Осы мақсатпен жан-жағына алаңдап мүрдеге көр қазып жатты. Жантері шықты. Күзгі дауыл мойнына ілген шарфын жұлып кетердей. Адам аяғы баспаған орманға түнделетіп келгендегі мақсаты – қылмысын жасыру еді. Бірақ құлағына: «Сенің бұл ісің дұрыс емес, ол сені қалай да табады, одан да беріл, ол сенің ағаң, сені ақтап қалуға барын салады» – деп алыстан талып жеткен дауыс тыныштық берер емес.

Жандос – үйдің еркесі. Ата-анасы бетінен қақпаған. Алайда оның бұзықтығы бір өзінің басынан асып, он балаға татитын. Әбден өз дегенімен өскендіктен де оны ержеткенде ешкім тоқтата алмады. Жалғыз ағасы Айдос екеуі екі бөлек әлем. Бір ұядан ұшқанымен, мінездері де, түрлері де екі бөлек. Айдос кішкентайынан оқымысты, зерек болатын. Қазіргі таңда білікті маман иесі. Атақты із кесуші.

Жандос болса оқу да оқып жарытпады. Көбіне сыртта жүретін. Жандостың бұл ісі Айдосқа мүлдем ұнамайтын. Оған қанша рет ақыл айтқанымен, ол өзінің сол бала кездегі бұзықтығынан арыла алмай, өскен соң да тек өзі секілді мінезі шәлкес достар тауып, олармен арласа бастады. Бірде үйге қонса, бірде үйге қонбайтын. Жандостың жақында ғана туған күні болды. Айдос інісінің туған күніне әлгі қара түсті шарфты сыйлады. Жандос қуанғаннан қайда барса да сол шарфты мойнынан тастамайтын.

Жандос жақында ғана өзіне ұнамайтын ортаға қосылды. Және оның ерекше қабілетін байқаған Серік өз тобына алды. Жандос қандай ортада жүрсе де бірінші кезекте жалған мақтау сүйетін. Осы бір қасиеті оны теріс жолға бір сәтте-ақ итермеледі. Осылай ол Серіктің баскесері болып шыға келді. Адам жанына қиянат жасау ол үшін түк болмай қалды. Және кішкентайынан жасырынуды ұнататын ол әр қылмысын да жақсылап жасырып қоюдың шеберіне айналды. Оның осы күнге дейін жасырған қылмысының саны үшеуден кем емес. Яғни, үш адамның жанын еш ойланбастан қия салды. Бүгінгі күні үшінші адамның көрін қазып, еш белгі қалдырмаймын деп ойлаған Жандос байқаусызда талға мойынорағышының шетін іліп алды. Қараңғылықта қалып қойған кішкене ғана мата қиындысын көрмеген Жандос жүріп кетті.

Артында із қалдырмай келген ендігі үш жанның өліміне себепші болған қылмыскерді Айдос бірнеше уақыттан бері іздеп келеді. Оқиға орын алған жерге барғанмен, еш айғақ таба алмады.

Жандос соңғы жасаған қылмысынан соң ешкім күдіктенбес үшін үйге келді. Айдос үйде жоқ екен. Ол әлі де болса жұмыста. Жандос арқасын кеңге салып жата қалды. Ағасы келе сала оның қайда болғанын сұрады. Және де күйініп өзі іздеп жүрген қылмыскердің тағы да адам өліміне қатысы барын айтты. Жандос өзін жайсыз сезініп, алқымы қысыла бастады. Саған не болған деп сұрағанда:

– Аа, жай сен оны көптен бері іздеп келесің бе? Құрбан болған жандардың отбасына обал. Соны айтайын дегенім ғой, – деп орнынан тұрып кетті. Дәл осы істі өз ағасының алғанынан қатты қаймықты. Ары маза бермеді. Үнсіз ғана бөлмесіне барып жатып қалды. Айдос түнімен жоспар құрып, келесі қадамды айқындап жатты. Жандос оның қайда барарын біліп отыр. Соған сай өзінің де қадамын өзгертеді. Алайда ол осы әрекетімен із кесушінің көңіліне күдік салғанын тіпті де байқамады.

Айдос інісінің біреуге жаны ашып отырмағанын, бір нәрсе бүлдіргенін жақсы түсінді. Оны бақылауға алу үшін жоспарын да үстел үстіне қойып, жақынын сырттан бақылай бастады. Жандос келесі орынға өзіне ұқсас адамды жіберді. Ал өзі жоспарлаған басқа бағытқа кетті. Мұнда оның өзіне ұқсас адамды Айдос күтіп отырды. Шынында да Жандостан аумай қалыпты. Жүрісі де, түрі де, бойы да Жандосқа ұқсас. Қызық, ол мұнда не істеп жүр деп ойлаған Айдос білдірмей артынан ере берді. Дәл алдынан шығамын дегенше алдындағы адам қаша түсті. Айдос өз інісінің қылмысқа қатысы бар деп ойламаған. Ал басшылық тарапынан күдікті қылмыскер сол маңайда жүр деген дабыл келді. Сондықтан да Айдос оны бақылауға алды. Айдоспен бірге қызметкерлер де бар-тұғын. Олар Жандосқа ұқсас күдіктіні ұстамақ. Дәл алдына жақындай бергенде ол қаша жөнелді. Айдос үшін ол әлі де Жандос, туғаны ғой. Айдостың көңілі мүлдем түсіп кетті. Інімді қуып жүрмін деген ойдан бұрын заң алдында інісінің қылмысын әшкерелеу қиынға түсті. Дегенмен, жұмыстың аты жұмыс. Оны ұстау, оның қылмысын ашу.

– Жандос тоқта! – деп қатты айқайлап жіберді. Ол артына бұрылып қарағанда Айдостың көңілі орнына келді. Себебі, өз інісі еместігіне көзі жетті. Одан соң ғана өз ісіне кірісті. Оны ұстап алып тергеу барысында қасында болды. Ол берілер емес. Алайда байқаусызда аузынан:

– Мені мұнда Жандос жіберді, – деген сөз шығып кетті. Айдос тағы да тоқтап қалды.

– Не дейсің? Жандос па? Оның мұнда не қатысы бар? – деген сұрақтарымен оны тағы да қыспаққа ала түсті.

Алайда әлгі ештеңе айта қоймады. Оны босатуға тура келді. Ал Айдостың көңіліндегі күдік екі еселене түсті.

Ертесіне Серік қол астындағыларды жиынға шақырды. Оның ішінде Жандос пен оған ұқсас адам да бар. Барлығы бір уақытта айтылған ортаға жиналды. Кіре берісте камералар орнатылған. Бұл жерде Жандос та, оған ұқсас жігіт те, тағы бір-екі жандайшап та бар. Серік сөз барысында Жандосқа ұқсас жігіттің күні кеше ғана ұсталып, қызметкерлерге Жандос туралы айтып қойғанын білдіреді. Және оны сатқын деп танып, Серік Жандосқа басын меңзеп белгі берді. Әлгі оны байқамады. Ал Жандос оны сыртқы әжетханаға шығар жолда ұстап алды да, оның басынан гантелмен бірнеше рет қойып қалды. Айғақты жасыру мақсатында гантелді өрт сөндіруге арналған жәшіктегі құмға жасырып кетті. Бар-жоғы бес минут ішінде сыртқа шыққан оны ешкім де байқамай қалды. Бірақ ол ішке кірер кезде қолын қағып жатқан болатын. Және камерада тіпті оның жеңінің бір ұшы шаң болып қалғаны анық көрінетін. Жиын біткен соң бәрі жан-жаққа тарқасты. Ал келесі тапсырма Жандосқа берілді. Жандос тапсырманы ертесіне жоспарлады. Олар кеткен соң әжетханаға бармақ болған қызметші өліп жатқан денені көріп полицияға хабар берді.

Полицейлер тексеру жұмысына кірісіп кетті. Бұл қылмыстың да алдыңғы қылмысқа қатысы бар деген күдікпен Айдос та осы жерге келді. Барлығы тексерілгенмен, ештеңе таба қоймады. Ал Айдос болса қылмыскердің қандай да бір айғақ қалдырып кететініне сенімді еді. Жіті қадағалаған жасырылған айғақты тауып алды. Ертесіне екі рет бейне камераны жақындата көрген ол Жандостың ішке қолын қағып кіріп бара жатқанын көріп қалды. Оның бес минут ішінде сыртқа шығып келгені де белгілі болды. Және де гантелден оның саусақ іздері табылды. Оның бәрін де Айдос жалғыз өзі екі-үш рет қарап шықты. Себебі, өз інісін әлі де болса қылмыстық істен көргісі келмеп еді.

Туған інісінің жасаған қылмысын әшкерелеу қаншалықты қиын болғанмен, айғақты далаға тастай алмайсың. Оған туыстық қатынасынан гөрі отан алдындағы және заң алдындағы борышы маңызды еді. Бәрі де Айдостың батыл қадамына таң қалды. Көп ұзамай Жандос келесі қылмысын жасауға кетіп бара жатып ұсталды. Айдосқа істі ашу оңай болған жоқ. Жақынының теріс жолға түскенін көріп жаны қиналды. Бауырының теріс жолға түсуіне өзін кінәлі сезінді. Себебі, ата-анасының қазасынан соң жұмыс деп жүріп інісіне көңіл бөле алмады.

Сот. Айдос пен Жандос бір-біріне қарап тұр. Жандостың көзінен ағасына деген мақтаныш байқалады. Қолымен керемет жасадың деп белгі берді. Себебі, Жандос өзінің соңғы айғағын әдейі қалдырып кеткен болатын. Бұл істі ары қарай да созғысы келмеген. Бір жағынан ағасының да осы істі жүргізетінін ол жақсы білді.

Жандос өмір бойына бостандығынан айырылды. Сондай-ақ, қылмыстың бәріне Серіктің тікелей қатысы барын Айдос дәлелдеп шықты. Ол да, оның қол астындағы адамдар да тергеуге алынды. Жандос ертесі күні-ақ өзіне қол жұмсап қаза болды. Себебі, сот залындағы ағасының жанарынан көрген өкініші оған маза бермеді. Келесі күні Айдос оның жаназасында бір жапырақ хатын оқып көзіне жас алды.

«Кешір, аға! Мен сенің сеніміңді ақтай алмадым. Негізінде соңғы қылмысымда айғақты әдейі қалдырдым. Сен жақсы із кесушісің. Түбінде бәрібір менің жасаған қылмысымды ашарың хақ еді. Ал мен сені мақтан тұтамын. Сен туыстық қатынастан гөрі, заң алдындағы борышыңды жақсы өтеп шықтың. Әрдайым осы таза қалпыңнан тайма. Ал мен осыншама қылмыстан соң одан ары қарай өмір сүре алмаймын. Сені жақсы көретін әрі ең үздік із кесуші ретінде танитын інің Жандос!»

**Мадияр МЕҢДІБАЕВ**

# ЖАН АЗАБЫ

Сол күнгі суық хабар қала тұрғындарын дүр сілкінтті. Жамандық әдетте тез тарайды емес пе. «Кішкентай баласы бар келіншекті өз пәтерінде құрбысымен бірге пышақтап кетіпті», – деген хабар бірден-бірге жетіп жатты.

Жәбірленуші Жандос (қылмыстық істегі адам аттары өзгертіліп алынды – авт.) қатігез жанның қолынан өмірі қиылған Әсем туған қарындасы екенін айтты. Жұмыста жүргенде суық хабарды естіпті. Содан алып-ұшып қанды оқиға орын алған мекенжайға келіп жеткен. Полиция қызметкерлері өзін ол пәтерге кіргізбеген.

Ал тергеуші алдына шақырылған Сәлима – пәтер иесі Гүлсімнің туған әпкесі екен. Ол осы пәтерде сіңлісінің екі баласымен тұрып жатқанын, күйеуімен ажырасқанын сөз етті. Шілде айының 4-і Гүлсімнің үлкен ұлының туған күні болатын. Әжесінің қолындағы үлкен ұлының туған күніне Гүлсім кіші баласын ертіп келмекші еді. Алдын ала уәделескендей Сәлима туған күнге барған, бірақ сіңлісі келмеген. Содан үш күн өткен соң, яғни шілденің 7-сі күні пәтерден Гүлсім мен баласының және құрбы қызының өлі денесі табылғанын полицейлерден естіген.

Куәгер ретінде шақырылған такси жүргізушісі Николайдың берген жауабы біраз жайттың шетін шығарды. Оның айтуынша, шілденің 4-і күні түнгі кезекшілікте болған. Қайғылы оқиға орын алған пәтерден шақыртуды диспетчер сағат 00.30 шамасында берген болатын. Тапсырысты алысымен сол мекенжайға келіп жетті. Сәлден соң екі қабатты үйдің сол жақ кіре берісінен жігіт пен қыз шықты. Қызыл көйлекті қыз азиат, ал жігіт тау халқына ұқсайды.

– Екеуі бірден такси белгісі бар менің көлігіме келіп отырды, – деді жауабында ол. – Жігіт пен қыз артқы жолаушылар орнына жайғасты. Әдеттегі қыз бен жігіт болып бір-бірімен құшақтасып, аймаласқан жоқ, тіпті қол ұстаспады да. Жігіт отыра салысымен баратын мекенжайын айтты. Ол орысша таза сөйледі. Екеуінің қайда бармағын бірден білдім. Ол айтқан мекенжайдағы дүкенде түнгі уақытта арақ сатылатын. Арақ іздеген қалалықтардың бәрі соған барушы еді. Сол дүкенге апардым. Қыз түспей машина ішінде қалды. Жігіт барып бір шиша арақ алып келді. Жігіт өздерін алған мекенжайға қайта апаруым керектігін айтты. Сөйтіп бастапқы алған жеріме қайтып әкелдім. Сол жерде екеуі бірге түсті. Жолпұлын жігіт төледі, – деді такси жүргізушісі.

Қайғылы оқиға орын алған пәтердің қонақтарының бірі Әсем екені анық. Ал онымен арақ алуға барған жігіт кім? Такси жүргізушіден басқа оны көрген адам жоқ. Тек сол пәтерде тағы бір жігіт қонақ болған деген ұйғарым жасауға болғандай. Екі бикештің ажалы сол жігіттен келген деген күдік туындады. Ол күдіктінің кім екендігін анықтау құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне оңайға түсе қоймаған. Уақыт жылжып өтіп жатты. Бір күні бұл қылмыстық іске қатысты тосын дерек болды. Шынында да мұны ешкім күтпеген еді. Кім ойлаған қылмыскердің өзі полиция бөлімшесіне кінәсін мойындап келеді деп! Осылайша Платон сол екі бикешті мерт еткенін айтып, ол үшін қандай да жазаны көтеруге әзір екенін мәлімдеді.

– Жасы әлі отызға да жетпеген екі бикештің кінәсіз бейкүнә бейнесі көз алдымнан кетпей қойды. Арада біршама уақыт өтсе де олардың сұлбасы мені мазалауын қоймады. Бәрін ұмыту үшін ашы суға берілдім. Сөйтіп маскүнемдікке салындым. Отбасымнан береке кетті. Екі ұлым кездейсоқ оқиғадан көз жұмды. Мұның бәрін сол кінәсіз жандардың жазасы деп білдім. Жан азабы мені әбден титықтатып бітті. Екі әйелді пышақтап өлтіргенім туралы ешбір адамға жақ ашпадым. Әбден қажыдым. Ауыр азапты бұдан әрі көтеріп жүре алмайтын жағдайға жеттім, – деді ол.

Платон сот отырысында барлық жағдайды жайып салды. Айтуынша, Гүлсіммен жақын болған. Сол күні кешкі 20.00 шамасында автобуспен көңілдесінің пәтеріне келіп жетеді. Гүлсім жалғыз емес екен, құрбысы Әсем бар болып шықты. Үшеуі бірден тіл табыса кеткен. Шүйіркелесе отырып, спирттік ішімдікті «жұқалайды». Сағат 21.30 шамасында Әсеммен екеуі дүкенге барып, тағы бір арақ сатып алады. Жолай ағаштардың ортасына кіріп алып, бір шишаның түбіне су құяды. Екеуі таза ауада жүргенде Гүлсім баласын ұйықтатпақ болып пәтерінде қалған еді.

Үйге келген соң көңілді музыканың әуезді әуеніне балқып отырып, үшеуі отырысты одан әрі жалғастырады. Сағат 01.00 шамасында тағы арақ әкелуді ұйғарысады. Гүлсім үй телефоны арқылы такси шақырған. Арада 10 минут өткенде телефон шылдыр ете қалды, оны көтерген Гүлсімге диспетчер таксидің келіп тұрғанын айтады. Сөйтіп Платон мен Әсем екеуі түн ішінде арақ сатып әкелген еді.

Ішіс одан әрі жалғасады. Тату-тәтті отырған үшеуге уақыттың қалай өткені білінген де жоқ. Бір сәтте Гүлсім балконға барып ұйықтайтынын айтты. Жаздың жайдары күнінде таза ауада жатып ұйықтағанға не жетсін.

Платон мен Әсем музыканы ойнатып қойып, отырысты одан әрі жалғастырды. Екеуара әзіл-қалжыңдары жараса түсті. Қыз еш қысылмастан ашық-шашық отырды. Оның өзін еркін ұстауы, алдында жігіт отыр екен-ау деп еш қымсынбауы, дөрекі ойын-күлкіге ерік беруі жігіттің арам пиғылына еш қарсылығы жоқтығын сездіргендей болды. Жігіт сосын сөздің ашығына кетіп, қызға төсектес болуды ұсынады. Қыз сықылықтай күліп, қарсылық танытпай жігітті ынтықтыра түседі. Жігіт енді батылдау кірісіп, қызды құшағына алмақ болады.

Жаңа ғана «ерік өзінде» дегенді сездіріп отырған қыз аяқ-асты мінез көрсетіп, жігіттің қолын қағып, долырып шыға келеді. «Гүлсіммен көңіл қосқандарынды біле тұрып, сенімен бірге болады дейсің бе?» деп жігіттің ырқына көнбей қояды. Онымен қоймай, былапыт сөздер айтып, жігіттің ар-намысына тиеді. Платонның бұған қаны қызып, қыздың үстіндегі бар киімін дар-дар жыртып, күшке салып Әсемді зорламаққа бекінеді. Қыз қарсылығын күшейте түсіп, оның денесін тырнай бастайды. Айқай-шу шығармасын, Гүлсімді оятып жібермесін деген Платон қыздың аузын жауып, ырқына көндірмек болады. Бірақ қыз ерік берер емес. Сол сәтте үстел үстіндегі пышақты алады да, бірнеше дүркін ұрады.

– Әуелде өлтірсем деген ой болған жоқ. Есілдертім қызды сабырға шақырып, ашуын басу еді. Мастықтың салдарынан өз әрекет-қимылыма есеп бере алмай қалдым. Қыз еденге етпетінен құлап түскенде есімді бір-ақ жинадым, – деп жауап берді Платон сот отырысында.

Оның айтуынша, бұл түнгі 04.00 шамасы еді. Мастықпен Әсемге пышақ жұмсап, өлтіріп алғанын ойлағанда бойын қорқыныш билеген. Ақырын барып балконның есігін ашса Гүлсім алаңсыз ұйықтап жатыр екен. «Таңертең ол оянған соң Әсемді мұның өлтіргенін айтып, полицияға хабар береді ғой» деген ой қылаң берісімен, қолынан әлі тастамаған пышақпен келіншектің кеуде тұсына сұғып-сұғып алады. Сосын асбөлмеге барып, үсті-басындағы

қанды жуып-сүртеді. Бұл кезде таң да ағарып ата бастаған еді. Өзінің ас бөлмеде қанша отырғаны белгісіз. Баланың жылаған үнін естігенде селт етіп, сәби жатқан жатын бөлмеге жүгіріп барған. Солай қарай бара жатып, Әсемнің жансыз денесін әлдебір жабындымен жауып үлгерген. Ойы мәйітті бала көрмей-ақ қойсын дегені болар. Сосын баланы тұрғызып алып, тамақтандырады. Күнімен бірге болып, оны ойнатты, әйтеуір алдандырып бақты. Арасында мамасының дүкенге кеткенін, қазір келетінін айтып, жұбатумен әлек болды. Біреулер келіп есік қақты. Телефон соққандар да болды. Сол пәтерде күні бойы отыруына тура келді. Ақыры кеш батып, қас қарайды. Платон баланы ұйықтатып, жатын бөлмеге жатқызды да түн қараңғылығын пайдаланып сыртқа шықты. Кетерінде арақ шишаларын жинап салып алды. Пышақты да өзімен бірге ала кетіп, далада бір жерге лақтырып жіберді.

Қылмыстық істі қараған Қарағанды облысының мамандандырылған қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының үкімімен Платон 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды. Сондай-ақ, оған қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде маскүнемдіктен медициналық тұрғыда мәжбүрлеп емдеу тағайындалды.

**Шахмұрат ИБАДАТҰЛЫ**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. |
| | Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5527 дана**
**Апталық таралым 11 054 дана**

Тапсырыс №181 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31